Меніңше, балаларға білім мен тәрбие беріп қана қоймай, өзіміз де олардан көп нәрсені үйренетін сияқтымыз. Бала деген жазылмаған ақ парақ сияқты. Оған жақсы із қалдыратын біздер, яғни педагогтар. Балалар болмаса, кім жаңа күннен ләззат алуды, реніштерді еске алмауды және әлемге ашық көзбен қарауды үйренесіз бе? Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істей отырып, мен олардың қаншалықты әртүрлі, болжауға болмайтын, қызықты, күлкілі, таңқаларлықтай ақылды екеніне таң қалуды тоқтатпаймын.



Ыбырай Алтынсарин өзінің бар қайрат-жігерін, күш-қуатын, бар саналы ғұмырын ағартушылыққа, ізгілік педагогикасына, яғни өзінің халқына қызмет етуге сарп еткен ғалымдардың бірі. Қазақ балаларының көкірегін оятқан, елі үшін өмір бойы адал еңбек еткен ұлағатты ұстаз. Ыбырай Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Ыбырай Алтынсариннің мазмұнды және мағыналы өлеңдері, қысқа әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады. Әңгімелері өте жеңіл, тартымды. Біз өз презентациямызда ұсынған «Әке мен бала» әңгімесін балалар тез қабылдап, оны сахналап қана қоймай, әсерлі сезімде болды. Осы әңгімесі арқылы балалар бұрын сонды естімеген «Таға» сөзін меңгерді, оны не екенін ұғынды. Баласының жіберген қатесін көре білді. Киелі сахнаның қасиетін түсініп, қызығушылықтары артты. Сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне аса мән беріп, ата-анаға деген баланың айрықша сезімін, баланың ата-анаға деген қамқорлығын, перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздермен жеткізе білген.

Оның шығармаларының мұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге

де ортақ екенін көрсетеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Ыбырай Алтынсарин жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Оның «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса түзу жолға сал. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға соғады» [2]. - деген тұжырымды сөздері әлі күнге дейін өзекті. Балабақша қабырғасында тәлім-тәрбие алып жатқан бүлдіршіндерді инабаттылыққа, тектілікке, имандылыққа, сонымен қатар балаларды жастайынан еңбекке де тәрбиелеуді қазіргі уақыттың талабы, міндеті деп қарауымыз керек. Бала тәрбиесіне байланысты Ыбырай Алтынсариннің Ильминскийге жазған хатында: мен балаларды жазалауды сүйетін қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсең балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың, деген жолдарын кездестіруге болады [3]. «Жеміс ағаштары» атты әңгімесінде тәрбиеде үлкен мән-мағына барын айта отырып, өзінің тәрбие жөнінде көзқарасын білдіреді. Осы талап пен міндеттерді орындаудың ең бір тиімді құралы – оқу. Оқу қызметтерімізде Ыбырай Алтынсариннің өміршең идеяларын жалғастыру мақсатында балабақшамызда апталық өткізілді.



Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын дәріптеу мақсатында ата-аналар мен балалар арасында челлендж өткізіліп, дипломдармен марапатталды. Балаларды мұражайларға, кітапханаларға апару жүзеге асқан. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай балабақшамыздың кітапханасы бірқатар кітаптармен толықтырылды. Оқу қызметтерімізде

балаларды «Бақша ағаштары», «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Бір уыс мақта», «Қарлығаш пен дәуіт», т.б. [4] әңгімелерін оқып, мазмұнын ашу, балалардың қатысуымен сахналық көріністер қою. Балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!», «Жаз» өлеңдерін жатқа айтқызу арқылы балаларды білімге, өнерге шақыруымыз керек деп ойлаймыз.



Балабақшада меңгерген білімдерін, одан әрі дамыту мақсатында ата-аналар атамиздың әңгімелерін, өлеңдерін үйде балалармен бірге еске түсіріп, кері байланыс жасайды. Жұмысымызды қорыта келе, Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері мен өлеңдерін өзіміздің қәсіби және жеке өмірімізде кеңінен қолданамыз деп толық айта аламыз.

Дархандалада тек білімнің нұры ғана емес, ұлтқа бөлінбейтін адамдардың достығының, туыстық байланысының шырағы бола білген заманауи кемеңгер – Ыбырай Алтынсарин атамиздың білім нәрімен сусындатуға әрқайсымыз борыштымыз. Қазіргі таңда Ыбырай Алтынсариннің есімімен көптеген оқу орындары, қалалар мен обылыс орталықтарында көшелерге есімі берілген. Елімізде педпгогтар қауымының ең үздік өкілдері Ыбырай Алтынсарин атты төс белгімен марапатталады. Әр қалада, обылыс орталықтарында ол кісінің құрметіне жыл

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН



сайын конференциялар өткізіліп тұрады. Осы орайда менде өзімді Қостанай қаласындағы, Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп- интернатта оқып, білім алғанымды мақтанышпен айта аламын. Сол кезде ұстаздарымыз осы мектепте оқығандарыңды болашақта мақтанышпен еске алып, ол кісінің өлеңдерін жатқа айуларын керек дейтін. Осы орайда ойыма мына бір өлең жолдары түсіп отыр.

«Ата-анаң қартайса,
Тіреу болар бұл оқу,
Қартайғанда мал тайса,

Сүйеу болар бұл оқу» [5.] яғни бұл өлең жолдарымен оқу білімнің пайдасы қандай, ол не үшін керек екенін оның өмір үшін, жарқын болашаққа қажет екенін талдап көрсетеді. Оқыған, білімді, сауатты адамның артықшылығы қандай екенін жастарға өсиет етіп қалдырғанын көруге болады. Баяндамамызды қорытындылай келе әрбір педагог өзінің оқу қызметтерінде ұлы ағартушымыздың әңгімелері мен өлеңдерін балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында іске асырса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Өзіміздің ана- тілімізді дамытуға қосқан үлесіміз деп ойлаймыз. Әбір ақын – жазушыларымыздың өлеңдерімен сусып өскен бала ұлтын, елін, ана-тілін қадірлейтін ұлтжанды болып өсер еді деп ойлаймыз, солай болады да.

Күтілетін нәтиже :

Тәрбиешілердің жоба тақырыбы бойынша теориялық деңгейін көтеру.

Сөйлеуді дамытудың заманауи әдістері мен технологияларын енгізу. Тәжірибені жалпылау және тарату.

Ата- аналар үйде балалармен өлеңдерін қолдануға ынталандыру.

Балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша тәрбиешілермен өзара әрекеттесу.

Балалардың сөйлеу тілін дамытуда поэзияның қажеттілігі туралы түсінік қалыптасады.

Балаларда поэзияға деген қызығушылықтары қалыптасады. Балалардың байланыстырып сөйлеу деңгейі артады.

Балалардың сөздігі жаңа сөздермен, сөзтіркестерімен толықтырылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Балабекұлы Д. Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: Әлеуметтік – философиялық талдау, философия, докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.-Алматы, 2020.436.

2. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. -Алматы, 1991ж., -251б.

3. «Ыбырай Алтынсарин туралы», Аңыз адам журналы №17, 2013 ж.

4. Т. Мұратбай «Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері мен олардың тәрбиелік мәні», Қазақ тілі мен әдебиеті журналы №3, 2017 ж.

5. <http://tobyl-torgai.kz/>



Хасенова Айнур Анатольевна
 Северо-Казахстанская область
 Айыртауский район, село Саумалколь,
 ГККП ясли-сад «Колосок»
 Учитель русского языка

ЭЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ СТИХОВ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ, КАК СРЕДСТВО РАСШИРЕНИЯ СЛОВАРНОГО ЗАПАСА, ОБРАЗНОГО МЫШЛЕНИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Свою педагогическую деятельность я, учитель русского языка в дошкольной организации, ассоциирую со словом «поиск». Анализируя свой педагогический опыт, понимаю, что всё время нахожусь в поиске универсальной методики преподавания русского языка, которая бы была максимально эффективна, результативна, инновационна, интересна, шла в ногу с современными тенденциями в образовании [1]. Главная цель предмета «Русский язык» в детском саду в группах с государственным языком обучения – расширение словарного запаса детей, развитие связной речи, грамматического строя и звуковой культуры речи [2]. Организованная учебная деятельность содержит в себе программный материал, который должны усвоить дети дошкольного возраста. А вариативная деятельность – это поле для апробирования и реализации идей педагога [3]. Мою идею сформулирую так: мотивировать ребенка на получение знаний самостоятельно. Задача сложная, но выполнимая! Опираясь на свой детский опыт (записывала с магнитофона слова песен на английском языке кириллицей, искала их в англо-русском словаре и таким образом хорошо овладела данным языком), пришла к выводу, что буду воплощать свою идею через стихи.

Считаю, что учить стихотворения на русском языке для детей, говорящих на государственном языке не сложно. Дети в большинстве своем хотя и несвободно владеют русским языком, но всегда понимают общий смысл стихотворения. Это связано с тем, что они смотрят мультфильмы, видеоролики на русском языке, общаются с друзьями. Однако, актуальность и преимущество представленного опыта, бесспорно, положительно влияет на расширение словарного запаса детей:

1. Поэзия содержит самую разнообразную лексику;
2. Стихи имеют рифму и яркие образы. Поэтому быстрее запоминаются;
3. Обладают ярко выраженным ритмом и интонацией. Это отличный инструмент для тренировки всех аспектов произношения.
4. В поэзии часто используются литературные приемы – метафоры, эпитеты, аллегории [4].

Так сформировалась тема по самообразованию: «Лингводидактический потенциал стихов на русском языке, как средство расширения словарного запаса, образного мышления у детей дошкольного возраста» и кружок «Лингвистическая поэзия». Кружок проводится в группе предшкольной подготовки. Весь

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН

содержательный материал соответствует возрасту детей. Сегодня хочу поделиться эффективной формулой решений поставленных задач.

МОТИВАЦИЯ + КОНКУРЕНЦИЯ+ ПООЩРЕНИЕ=УСПЕХ

Как работать с формулой для того, чтобы идея стала рабочей?!

1 Задача – Погрузить ребенка с головой в мир поэзии

Решение – Создать мотивацию.

Первый этап подготовки к кружку состоял из вопроса: Чем мотивировать детей? В ходе диагностики выявила, что дети в 5 лет интересуются супер-героями: Человек-Паук, Халк, Железный Человек и так далее. Исходя из этого, мы придумали нового супер-героя: Лингвистмен. Им может стать каждый, кто за весь учебный год выполнит все 9 миссий. За каждую выполненную миссию ребенок получает один из доспехов Лингвистмена.

2 Задача – Вызвать интерес и удерживать его.

Решение – Отойти от традиционных слов «занятие», «организационная учебная деятельность». Теперь это «миссия», которая должна быть выполнена в 4 этапа и при успешном ее выполнении присваивается новый уровень. У каждого ребенка есть личный билет, который сохраняется за ним весь учебный период и в котором он фиксирует свою победу.

Удерживать интерес к заучиванию стихотворений решила через соревновательный момент. (Игра «Кто запомнит больше слов?», «Кто запомнит больше строк?», «Я скажу, а ты закончи») Конкурируя между собой, дети выдают отличный результат. Каждый стремится к победе, становится максимально внимательным.

3 задача – За учебный год выучить 9 тематических стихотворений, тем самым обогатить словарный запас детей, активировать образное мышление.

Решение – Использовать материал соответствующий возможностям ребенка. Подобрать эффективные методы для заучивания. (Лучшей методикой для меня

стала «Мнемотехника»). Разработать пошаговый алгоритм по **запоминанию стихов.**

Предлагаю алгоритм, который состоит из следующих пунктов:

1. Разминка- игра, приводящая ум в активное состояние(на внимание, память)
2. Читаю стихотворение полностью, наизусть с выражением
3. Объясняю новые слова, беседую по содержанию стихотворения
4. Читаю 2 строчки стихотворения, сопровождая их мнемотаблицей [5]
5. Вместе повторяем строчки 3-5 раз
6. Читаю следующие 2 строчки, сопровождая их мнемотаблицей.
7. Вместе повторяем строчки 3-5 раз
8. Вместе по памяти повторяем все 4 строчки

9. Повторяем пункты 4,5,6,7,8 со следующими строками

Опыт показал, что дошкольники с интересом включаются в миссию, так как помнят о том, что каждое стихотворение, выученное наизусть, выведет их на новый уровень.



Победа детей – наличие всех доспехов Лингвистмена. Моя победа – мотивация ребенка на получение знаний, расширение его словарного запаса, развитие поэтического слуха и эстетического воспитания.

Результатов представленного опыта не много, так как он еще молодой и находится на стадии апробации. В 2020 -2021 учебном

году мой воспитанник Никитин Дмитрий был награжден дипломом второй степени в конкурсе «Прекрасная весна», проводимом на республиканском уровне среди детей дошкольного возраста в номинации выразительное чтение, со стороны общественного фонда «Өрлеу Қазақстан», Титов Никита награжден дипломом



второй степени в республиканском конкурсе «Зимние чтения». Я награждена благодарственными письмами за подготовку победителей.

Уверена в том, что успешное воплощение педагогической идеи зависит от того, насколько интересы ребенка будут учтены в ней. В представленном опыте я продемонстрировала успешную формулу достижения результата, где обе стороны (ребенок – педагог) являются победителями.

*«Мы лишаем детей будущего,
если продолжаем учить сегодня так,
как учили этому вчера»*

Д.Дьюи

Литература:

1. Модель развития дошкольного воспитания и обучения. Утверждена постановлением Правительства республики Казахстан. 15 марта 2021г.
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан, Нур-Султан-2020.
3. Положение о вариативной части типового учебного плана дошкольных организаций. МОН РК. Республиканский центр «Дошкольное детство», 2021г.
4. Развитие мышления и речи для малышей 4-6 лет/ Александрова О.В. – М.: Эксмо, 2013. – 48с.
5. Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкольного возраста: Учебно – методическое пособие. Полянская Т.Б. – СПб.: ООО «Издательство «Детство -пресс», 2010



Кулманова Рабига Нурлаевна
«Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім Қоры»
қоғамдық қорының Атырау қаласындағы
филиалы «Мирас» бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ («Кішкентай мультипликаторлар» жобасы)

Ы.Алтынсарин – қайталанбас тұлға, қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасы мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым – қатынасы, жастарды еңбекке баулу.

Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі.

Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл – парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім – тәрбиесін, үлгі – өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңіре білді. Алтынсарин қазақ балаларын туғаннан дарынды, зерек деп сыпаттайды. [1, 32 бет]

Ы.Алтынсариннің шағын әңгімелері, өлеңдері балаларды адамгершілікке, еңбекке баулуға және де үлкендерді, халқының салт-дәстүрге құрметтеуге, туған жерін, табиғатын сүйуге тәрбиелейді. Бала жанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды болып келеді.

Ы.Алтынсариннің шығармаларын тәрбиелік мәні бойынша бірнеше бағытқа

бөлуге болады: адамгершілік, мейірімділік, сабырлыққа тәрбиелеу («Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Жаман жолдас», «Мақта қыз бен мысық»); еңбекке баулу («Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»); туған жерге, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін ояту («Таза бұлақ», «Жаз» «Туған өлке») үлкендерді құрметтеу («Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек», «Шеше мен бала») [1, 58 бет]

Ы.Алтынсарин адамгершілік тәрбиеге үлкен мән берді. Адамгершілік оның жеке басының өзегі болды. Ағартушының «Аурудан аяған күштірек» әңгімесі тәрбиелік мағынаға тұнып тұр десек артық айтпаған болармыз. Ыбырай осы әңгімесінде адамдық қасиеттерді жақсы сипаттаған. Сейітшын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас, алақанына салып аялап, тәлім-тәрбие беріп отырған ұлы анасы - Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына нық етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбырайдың бұл әңгімесінің идеясы - осы. Бұл әңгімені осылай түсінсек қана Сейіттің мейірімді мінезін дұрыс түсіне аламыз.

Сонымен қатар, оның әңгімелері бала тәрбиелеу мәселесіне негізделген «Бақша ағаштары» деген шығармасы ерекше көңіл аударарлық. Бұл әңгімесінде Ыбырай жас

ұрпақтарға дұрыс тәрбие беріп, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал деп жазды.

«Баланы жас күнінен түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін қажет. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түсетінін айтады.

Ы.Алтынсарин шығармаларында еңбектің аса зор маңызын көрсетіліп, еңбекті қадірлеуге және сүюге тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Жазушы «Атымтай жомарт» - әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі-жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап, әңгіме ретінде ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен анық көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімнен тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен», - деп балаларды ерінбей еңбекқор болуға шақырды. [2, 23 бет]

Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» - деген шығармасы да еңбекке баулуға арналып жазылған. Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып», бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл - жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Балалар бұл шығарманы рөлдерге бөлініп, кейіпкерлердің рөлдерін сомдады. Еңбек туралы мақал-мәтелдер айтып, ерінбей еңбек еткен адам түбінде жақсылыққа жететіні, еңбектенген адам барлық қиыншылықты жеңе алатыны туралы білді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды Ы.Алтынсариннің шығармаларына қызығушылығын арттыру мақсатында бөбекжай-

бақшада «Кішкентай мультипли-каторлар» жобасы ұйымдастырылды.



Балалармен мультфильм жасау – бұл балалардың әртүрлі іс-әрекеттердің түрлерін біріктіретін көп қырлы шығармашылық процесс: сөйлеу, ойын, танымдық, бейнелік және т.б. біріктіретін жобалық қызметтің заманауи инновациялық түрі. Мультипликация-телевидениенің ажырамас бір бөлшегі. Ол тек бүлдіршіндердің ғана емес, олардың ата-аналарының да өміріндегі маңызды дүние. Сондықтан мен өз жұмысымды қазақ жазушыларының шығармаларына балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында қызықты әрі түсінікті тілде мультфильм түсіріп, оларды өз қызметімде пайдалануды жөн көрдім. [3, 8 бет]



Мультфильм жасау үшін алдын ала жұмыстар жүргізілді. Алдымен балалармен «Менің сүйікті мультфильмім» әңгімесі өткізілді, оның мақсаты – балаларды осы жобаның проблемалық мәселелеріне бағыттау. Әңгімелесу барысында балалар

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН

өздерінің сүйікті мультфильмдері, ондағы кейіпкерлері туралы әңгімеледі. Мультфильмнің не екенін, оның қалай жасалатынын, қандай түрлері болатынын, ондағы кейіпкерлердің өмірге қалай келетінін, оларды қалай жандаруға болатынын білді. Және де балаларға таныс емес «аниматор», «суретші-аниматор», «режиссер» т.б мамандықтармен таныстық. Сондай-ақ, әңгіме барысында «Бізде мультфильм жасай аламыз деген тұжырымға келдік. [4, 15 бет]

Келесі жұмысымда мультфильмге тақырып таңдауға кірістік. Жобаның басында Ы.Алтынсарин туралы білімдерін толықтырып, балаларды ұстаздың шығармаларымен таныстырдым. Сол шығармалардың ішінен «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» шығармасына тоқталдық. Себебі бұл шығарма шағын мәтінді, балалардың есте сақтауына оңай, әрі берер тәрбиесі мол. Балаларға әңгіме оқылып, сұрақтар қойылды:

Балалар әңгімені кім жазды?

Өрмекші не істеп жүр екен?

Ал, құмырсқа ше?

Қарлығаш не істеп жүр?

Атасы баласына қандай ақыл айтты?

Бұл шығарма не туралы?

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, қарлығаш, өрмекші құрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа деп, оларды балаларға үлгі ете отырып, еңбек етуге шақырды.



Балалар өздері қалаған шығармаларынан мультфильм жасауға болатынын қуана қабылдады. Әрмен қарай балаларды мультфильм түрлерін (салынған сурет, ермексаздан бейнелерді мүсіндеу немесе қуыршақтардан құралған) таңдау ұсынылып, өздері қандай мультфильм түрін түсіргілері келетіні таңдалды. Балалар кішкентай аниматорлар болып, мультфильмді ермексазбен бейнелеуді таңдады. Ол үшін бізге сценарий, кейіпкерлер, декорация керек екенін түсініп, дайындауға кірісті. Алдымен кейіпкерлердің диалогы мен олардың көңіл-күйлеріне назар аудара отырып, сценарий құрылды. Мультфильм жасау үшін аниматорларға не қажет екені талқыланып, олар топтарға бөлініп бір топ кейіпкерлерді; атаны, баланы, құмырсқаны, өрмекшіні, қарлығашты бейнелеуге кіріссе, енді бір топ балалар қажетті заттарды; өрмек, нан талшығы, қарлығаштың аузына тістеген шөбін, фонға керекті ағаштарды мүсіндеді, бір топ балалар декорация жасауға кірісті.

Жұмыс барысында балалардың бірін-бірі тыңдап, көмектесіп, бір-бірімен келісе топтасып жұмыс жасауы, рөлдерге бөлінуі, өз ісін аса қызығушылықпен орындауы қуантты.

Барлығы дайын болған соң, балалар рөлдерге бөлініп, сценарий бойынша кейіпкердің әр ісі жеке кадрларға түсірілді. Кейіпкердің әр қимыл-қозғалысы неғұрлым анық болуы үшін кейіпкерді әрекетіне сәйкес қозғап, әр қимыл-қозғалысына кадрлар жасалады. Сценарий бойынша әр қимыл-қозғалысқа қарай декорация өзгертіліп тұрады. Кадрлар түсіріліп, дайын болған кезде, кейіпкерлердің рөлді сөздері аудиожазбаға нақтыланып жазылады. Әрмен қарай барлық материалды жинап өңдейміз. Бейне өңдегішіне түсірілімді жүктеп және оны ретімен біріктіреміз. Одан соң аудиожазбадан дыбысты қосу, кадрлар арасында ауысуларды қосып, өзімізге қажетті жылдамдыққа қоямыз. Өңделген мультфильмді қалаған форматта сақтауға болады.

Бұл жобаның балаларға берер әсері мол. Балалар бұл жобаны соңына дейін

жеткізгендеріне, өз жетістіктерін көріп қуанды. Жоба балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай олардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізді. Ермаксазбен жұмыс жасауда баланың ұсақ моторикасы дамиды, мидың екі жарты шары бір уақытта жұмыс істеуге үйренеді, қиялдау ойлауы дамиды, шығармашылыққабілетінашады,зейінділігін арттырады, эмоционалды жағдайды қалыпқа келтіреді, бұл әсіресе гиперактивті балалар үшін маңызды, баланың ойнап отырып, байланыстырып сөйлеу дағдылары жақсарады және де болашақта жазу мен сурет салуды тез үйренуге көмектеседі. Балалардың ақпараттық мәдениеті мен ойлау логикасы дамиды. Және де

құрдастарымен және ересектермен шағын жобалық топтарда бірін- бірі тыңдап, бір-бірімен келісіп, бірлесе жұмыс істеуге үйретеді.

Бұл жобада мультфильм жасауды Ы.Алтынсариннің шығармаларымен біріктірген себебім балабақша қабырғасынан кішкентай бүлдіршіндеріміз ұлағатты ұстаздың шығармаларын тыңдап тәлім-тәрбиесін құлағына сіңіріп, еңбекқор, адамгершілікті, мейірімді, үлкенді құрметтейтін бүлдіршіндер болып өссін деген мақсатпен алынды. Болашақта Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларын іс жүзінде жүзеге асыруды жоспарлап отырмын. [4, 10 бет]

Пайдаланған әдебиеттер:

1. *«Ы.Алтынсарин тағылымы»: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер /Құрастырған М. Жармухамедов.- Алматы: Жазушы, 1991 ж.*
2. *Қайырбеков Ф. Дала қоңырауы: Ыбырай Алтынсарин өмірінен кітап. – Алматы: Жазушы 1987. – 180 б.*
3. *А.Босельман., М.Финк «Гениальная цифра». Знакомство с новыми медиа в детском саду. /А.Босельман., М.Финк // Учебно-практическое пособие для педагогов дошкольного образования- М: «Национальное образование», 2020.*
4. *А.Босельман. Медиапедагогика в детском саду и начальной школе. /А.Босельман./ Учебно-практическое пособие для педагогов дошкольного и начального образования- М: «Национальное образование», 2021.*



Жаксыгарина Зейнегул Елюбаевна
Актюбинская область
Кобдинский район, Село Кобда,
Детский сад «Нұрлы болашақ»
воспитатель

ФЛОРИСТИКА КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ХУДОЖЕСТВЕННО-ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Дошкольный возраст наиболее благоприятный период для развития детского творчества. Л.С. Выготский отмечал, что продуктивная деятельность - самый первый, самый доступный и привлекательный для маленьких детей вид творческого труда. [16,с.3-5]



прекрасно подходит занятие флористикой.

Флористика (от лат. flora), или флористический дизайн (англ. Floral design) - разновидность декоративно-прикладного искусства и дизайна; создание флористических работ (букетов, композиций, панно, коллажей) из разнообразных природных материалов. [15,с.7]

Была разработана и апробирована авторская вариативная программа «Мы маленькие флористы» для воспитанников от 4-лет. Утвержденная методическим советом районного отдела образования (протокол №1 от 25.08.2021г.)

Развитие творческого потенциала воспитанников решаются следующие задачи:

- расширение знаний о разновидностях цветов, атрибутах и материалах используемых для создания букетов и композиций; [15,16.]

С детьми можно сделать много интересного из природного материала. Иногда материалы сами подсказывают решение, надо только внимательнее всматриваться и пофантазировать. Работа с природным материалом очень важна для детей: развивается мелкая моторика, формируются познавательные процессы: воображение, восприятие, мышление, внимание, и творческая активность. Воспитание трудовых умений и навыков, положительно влияет на формирование основ личности. Для реализации этой цели





- формирование творческого мышления, умения и навыки необходимые для создания творческих работ;

- развитие художественного вкуса, фантазии, изобретательности;

- желание экспериментировать, проявляя яркие познавательные чувства: удивление, сомнение, радость от узнавания нового;

- обогащение знаний детей о разных видах художественного творчества.

Флористика - одна из любимых занятий в нашем детском саду. Это увлекательная работа, сближающая нас с природой, изучая её, дети проявляют любовь к природе. Дети освоили разные виды творчества (аппликация, рисование, лепка). Прежде чем создавать композиции из цветов, необходимо создать мотивацию и пробудить интерес к работе с природным материалом, вызвать желание у детей узнать больше о родной природе, о том, что нас окружает.

Материал для поделок можно заготавливать круглый год, но лучшее время для заготовки природных материалов - лето и начало осени: плоды, листья, корни

и семена которых можно использовать для поделок. [10,с.65] Для поделок, заготавливали следующие природные материалы: шишки еловые, сосновые, кедровые, пихтовые, ольховые, лиственницы, можжевельника, желуди дуба, трав и злаков: солома пшеницы, овса, ржи, цветы садовых и дикорастущих растений. Доступность природного материала, простота его заготовки и обработки, несложная техника работы с ним как нельзя лучше подходит для детей дошкольного возраста.

Занятие флористикой способствует развитию у ребёнка: мелкой моторики пальцев рук, что оказывает положительное влияние на речевые зоны коры головного мозга, сенсорного восприятия, глазомера, логического мышления, воображения, волевых качеств. Дети учились ориентироваться на плоскости листа бумаги, сортировать природный материал по размеру, форме, окраске. [10.]А так же работа с природным материалом развивает

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН



усидчивость, терпение, настойчивость, трудолюбие. На занятиях по творчеству совершенствуется умение совмещать различные способы и техники изображения при изготовлении коллажа, применять в своих работах основы композиции. На занятиях используется совмещение таких изобразительных видов как рельефная лепка, пластилинография, конструирование из природного материала, бумаги и картона, мозаичная аппликация, работа с крупами и папье-маше.[6,с.42-57]

Для педагогов детского сада «Нұрлы болашақ» с. Кобда был проведен мастер-класс на тему «Знакомство с профессией флориста». Также проведена творческая работа по изготовлению композиции с использованием бросового и природного материала. Педагоги проявили свои творческие способности, креативность, фантазию. (Слайд-4)

Большая творческая работа была проведена с детьми, в интеграции с другими образовательными областями («Познание», «Здоровье», «Коммуникация» и «Социум»): познавательное занятие «Профессия - флорист», [14,с.70-73] «Чтение стихов, рассказов, загадывание загадок о растениях и цветах», «Букет для мамы», аппликация «Ваза с цветами», композиция из природных и бросового материалов «Цветы в корзине»; сюжетно-ролевая игра «Салон цветов», подвижная игра «Цветы в поляне». На этих занятиях дети учились подбирать природный материал нужной формы, цвета, структуры, овладели приемами создания композиции, навыками мыслительного анализа.(Слайд-5)

В творческой работе большое значение имеет сотрудничество с родителями. Родители совместно с детьми выполняли домашнее задание с использованием бросового материала «Корзина для цветов», а так же участвовали в конкурсе ко дню Международного женского дня «Любимые цветы для моей мамы».

Проведенный долгосрочный проект на тему: «Флористика и прикладной декор» был по своему интересен и родители вместе с детьми с большим мастерством сделали интересные пейзажи, натюрморты, портреты, сложные композиции из комбинаций цветов, листьев, трав, соломы и других материалов живой природы. (Слайд-6)

Подводя итог проделанной работы надо отметить, что значительно расширился круг знаний детей о флористике с помощью использования природных и бросовых

материалов, которые доступны каждому. Приобщение ребёнка к декоративно-прикладному искусству, открыло большие возможности для его творческого развития, способствовало глубокому воздействию на его внутренний мир. Повысилась компетентность педагогов и родителей в вопросах профессиональной ориентации детей. В результате наблюдения выявлены следующие положительные моменты при обучении флористике: значительно расширились знания о значении профессии-флориста, возросло чувство уважения к ней. [14.]

У воспитанников улучшилось эстетическое восприятие, художественный вкус, художественно-графические навыки и умения, творческое мышление и воображение, пространственное восприятие, конструктивные умения и навыки. Дети приобрели первоначальные навыки составления букетов и композиций. Проводимая работа позволила воспитанникам глубже познать природу родного края, увидеть ее красоту и великолепие.

Список литературы:

1. Модель развития дошкольного воспитания и обучения (Постановление Правительства РК от 15 марта 2021 года №137)
2. ГОС ДВО (приказ Министра образования и науки РК от 31.10.2018г. №604)
3. Типовой учебный план дошкольного воспитания и обучения (приказ Министра образования и науки РК от 20.12.2012г. №557)
4. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения (приказ Министра образования и науки РК от 12.08.2016г № 499)
5. Лыкова И.А. Чудо-писанки -шедевры миниатюрной живописи Дошкольного воспитания. (2007.№3.С.46-52)
6. Лыкова И.А. «Художественный труд в детском саду»(2010г.р.С.42-57)
7. Лыкова.И.А. Дизайн-деятельность в современном мире и дошкольным образовании. (2014г.№ 10)
8. Новикова. И.В. «Аппликация из природных материалов в детском саду» (2010 С.129)
9. Пантелеев Г.Н. Детский дизайн. Карпуз-дидактика.(2006г. С.192)
10. Ярыгина А. Дети и дизайн; фито дизайн, флористика, аранжировки из природных материалов. (2010г.№2.С.65.) Дошкольное воспитание.(2006г. №2.С.65-71)
11. Милева Е.К. Детский дизайн в контексте специфики дизайна как вида искусства и истории его развития.(2014г.№ 10.)
12. Сибиркина Е.Н. Многообразие художественных материалов в детской дизайнерской деятельности. (2009г.С. 250)
13. Котлякова Т.А. Мирная, Ю.А. Развитие дизайнерского творчества детей в лепке (2014г. №10. С.94-107.)
14. Махотина Е.Н. Представления старших дошкольников о дизайне и профессии дизайнера (2014г. №10. С.70-73)
15. Петер Асманн. – Современная флористика / Пер. с нем. Е. Я. Юдаевой. – М.: Культура и традиции, 2003г. – 224 с
16. Выготский Л.С. – Воображение и творчество в детском возрасте Издательство: М.:Просвещение ,1991. – 3с



Джанадилова Инабат Аскаровна
Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы,
МКҚК №7 «Еркетай» бөбекжай-
балабақшасы
Әдіскер

«GIGO» КОНСТРУКТОР – КІШКЕНТАЙ ИНЖЕНЕРЛЕРДІ ТӘРБИЕЛЕЙТІН БОЛАШАҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

XXI ғасырда жаңа технологиялардың дамуына байланысты қоғамға өзекті мәселелерді стандартты емес түрде шешуге, өмірдің барлық салаларына жаңа мазмұн енгізуге қабілетті адамдар қажет. [4]

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің мақсаты да осыны көздейді. Модельдің мақсаты - дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың қиялын шыңдаудың, сөйлеуін дамытудың, шығармашылық қабілеттерін, креативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытудың маңызы зор. [3]

Қазіргі балалар белсенді ақпараттандыру, компьютерлендіру дәуірінде өмір сүреді. Бүгінде мемлекет жоғары зияткерлік мүмкіндіктері бар жоғары білікті мамандарға аса қажеттілікті сезінуде. Болашақ инженерлерді даярлауды ЖОО-да емес, ерте жастан, яғни мектепке дейінгі жастан бастау керек, өйткені балалардың техникалық шығармашылыққа деген қызығушылығы ерекше болады. Осы жас аралығында ойлаудың техникалық қызығушылығын, аналитикалық ақыл-ойды және басқа да

жеке қасиеттерді дамыту аса маңызды болып табылады. [4]

Балабақшадағы құрастыру бұрыннан бар, алайда егер бұрын конструктивті ойлау мен ұсақ моториканы дамытуға басымдық берілсе, енді жаңа стандартқа сәйкес жаңа тәсіл қажет. Балабақшадағы құрастыру іс-әрекеті барлық жастағы балалармен ойын түрінде өткізіледі және қарапайымнан күрделіге дейін жүзеге асырылады. [1] Құрастыру іс-әрекеті - бас пен қолды бірдей жұмыс істеуге талпындырады, сонымен бірге мидың екі жарты бөлігі бірдей жұмыс істейді, бұл баланың жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Бала құрастыра отырып, ауызша санауды, санның құрамын қалай меңгергенін, қарапайым арифметикалық амалдарды орындайтынын, әр кезде еріксіз жағдайлар туындайтынын байқамай қалады. Ол өзінің тапқан «қазынасы» туралы бәрінің білгенін қалайды – ендеше, баланың сөйлеу тілінің дамуы мен оңай және еркін көпшілік алдында сөйлей білу дегеніміз осы емес пе?

Конструктивті іс-әрекет мектепке дейінгі тәрбиеде маңызды орын алады және күрделі танымдық процесс болып табылады, нәтижесінде балалардың зияткерлік дамуы жүзеге асады: бала практикалық білімді игереді, маңызды белгілерді анықтауға, бөлшектер мен заттар арасында қатынастар мен байланыстар орнатуға үйренеді. [2] Көптеген жағдайларда практикалық зерттеулерде GIGO конструкторлар «инженерияға дейінгі ойлауды»

қалыптастыру әдісі ретінде ұсынылады. «Инженер алдындағы ойлау» деген ұғымды Л.И.Миназова енгізді. «Инженерияға дейінгі ойлау» құрылымына рационалды, сезімтал-эмоционалды және аксиологиялық элементтер, есте сақтау, қиял, қабілеттер және т. б. кіреді.

Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі даму жағдайы бірқатар өзгерістерге ұшырады. GIGO конструкторлары - бүгінде белгілі және кең таралған педагогикалық жүйелердің бірі болып табылады. GIGO конструкторын қолданудың артықшылығы мен болашағын оның білім берудегі жоғары мүмкіндіктерімен түсіндіруге болады: әмбебаптығы, техникалық және эстетикалық сипаттамалары, әртүрлі ойын және оқу аймақтарында қолданылуы. Сонымен бірге, GIGO конструкторларды қолданудың артықшылығы ретінде - оның *жаңартылған білім берудің мақсатын талаптарын* толық жауап бере алатындығын айтуға болады. *4К моделі* бойынша балалардың коммуникативтілік, командамен жұмыс істеу, сын тұрғысына ойлау, креативтілік дағдылары қалыптасады. Алгоритм бойынша тапсырмаларды орындау, қажетті құралдарды таңдау кезінде *бала үшін* қолдануға мүмкіндік зор. ҰОҚ-нің негізгі бөлімінде балалар өз беттерінше жұмыс істеп отырғанда *бақылау, саралап оқыту* жүзеге асырылады. [3]

GIGO конструкторы ойын және эксперимент элементтерін біріктіреді, онымен жұмыс істеу барысында балалардың әртүрлі бұлшықет топтары, қол моторикасы, танымдық белсенділіктері, эмоционалды-еріктік қасиеттері, сонымен қатар шығармашылық қабілеттері де дамиды. Баланың құрастыру іс-әрекетінің екі негізі бағыттары - білім беру және тәрбие бағыттарына тоқталатын болсақ, олар төмендегідей:

- математикалық қабілеттердің дамуы - бала өлшемі, түсі, конфигурациясы бойынша қажетті бөлшектерді таңдайды, есептейді;

- сөйлеу және коммуникациялық дағдылардың дамуы - бала сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырады, құрылыс барысында ересектермен байланыс құрады,

әртүрлі тақырыптар туралы нақты сұрақтар қояды, олардың қасиеттерін нақтылайды;

- түзету жұмыстары - жалпы баланың дамуына оң әсерін береді (ұсақ моторика, есте сақтау, зейін, логикалық және кеңістіктік ойлау, шығармашылық қабілеттер және т.б. дамиды);

- тәрбие жұмысы - басқа балалармен және ересектермен бірге ойнау балаға ұйымшыл, тәртіпті, мақсат қоя білетін, эмоционалды тұрақты және тиімді болуға көмектеседі, осылайша баланы мектепке дайындау процесінде де оң септігін тигізеді. [7]

GIGO конструктормен жұмыс істеу барысында мектеп жасына дейінгі баланың жас ерекшеліктері міндетті түрде ескерілуі тиіс. 3-4 жастағы балаларда үлкен элементтері бар GIGO - жиынтықтары және бөлшектердің қарапайым қосылыстары қолданылады. 4-5 жастағы балалармен құрастыру күрделене түседі, орташа өлшемді элементтер қолданылады, бөлшектерді қосудың күрделі нұсқалары қолданылады. Ересек топта түрлі-түсті фотосуреттер мен балалар құрылысты аяқтауы керек модельдердің суреттері бар суреттер қолданылады. Ал 5 жастағы балаларға техникалық шығармашылық үшін қарапайым элементтері бар үлкен элементтерден бастап күрделі техникасына дейін болатын миниатюраларға дейін GIGO конструктордың әртүрлі түрлері ұсынылады. Ересек жастағы мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста графикалық сызбалар түрінде тапсырмаларды, болашақ ғимараттардың күрделі модельдерін, дизайн бойынша жұмысты, жағдайларды, әртүрлі тақырыптық тапсырмаларды қолдануға болады. [8]

GIGO конструкторлары - бұл ұйымдастырылған оқу қызметінде барлық бес білім салаларын кіріктіріп өткізуге мүмкіндік берсе, баланың жеке жұмыс істеуіне де ыңғайлы болып табылады. GIGO конструктормен өткізілетін балабақшадағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің өзіне тән құрылымы бар. Ұйымдастыру кезеңінде - 5 минут көлемінде ойын түрінде өткізілетін ынталандырушы бастама болып табылады. Негізгі кезең - ҰОҚ-нің

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН

ең белсенді практикалық бөлігі болып табылады, оған келесі қызмет түрлері кіреді: үлгіні көрсету, педагогтің қадам бойынша нұсқаулығын түсіндіру, карта схемасын талдау; үлгі, схема немесе шығармашылық қиял бойынша балалардың өзіндік жұмысы, бұл жерде мектеп жасына дейінгі балалар жеке, жұптық немесе шағын топ құрамында жұмыс істей алады; баланың тынығып, демалуына мүмкіндік беретін дене шынықтыру минуттары, ашық ойындар, саусақ немесе тыныс алу гимнастикасын өткізу қарастырылған. [9]

Қорытынды кезең – бұл рефлексия, яғни баланың жұмыс орындарын тазалау, балалар жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру. Талдау жасау келесі критерийлерді ескере отырып жүргізіледі: дәлдік, симметрия, тұтастық және құрылымның тартымды көрінісі; техникалық біліктер мен дағдылар; баланың өз бетінше орындалған жұмысының дәрежесі; жұмыс істеу барысындағы мақсаттылық, тәртіптілік, еңбексүйгіштік, жолдастық сезімі және эмоциялық жауапкершілік. [13]

Бірінші кезеңде балаларды GIGO конструкторымен, оның түрлері және қасиеттерімен таныстырдым. Біз конструкторды егжей-тегжейлі зерттедік: өлшемі, пішіні, түсін салыстырдық. Балалар бөлшектерді бекіту технологиясын бірлесіп талқылады: үшбұрыш, тіктөртбұрыш, көпбұрыш пішіндерін қолдана отырып, жұмыс түрін таңдау мен ауыстыруды негіздеп, көп еңбекті қажет ететін жұмыстан қарапайым жұмысқа дейін алмастыруды үйренді. Балалар алғашқы ғимараттарды үлкен конструктордың көрнекі моделінің көмегімен жасады. [10] Балалар жұмысқа үлкен қызығушылықпен кірісе отырып орындады. Құрылыс үшін қажетті бөлшектерді пішіні мен түсі бойынша таңдалды. Балалар жұмыс орнында жұмысқа арналған материалдарды өз бетінше орналастыруды үйренді, сызбаны талдауды меңгерді, өлшемдердің сәйкестігін тексеріп, бөліктердегі түймелерді санады. [11] Біз өз жұмысымызды қарапайым қоршаулар, үй жануарларының қоршаулары, мұнаралар,

көпірлер, автомобиль жолдары, қуыршақ жиһаздарын жасаудан бастадық. Біздің мақсатымыз балаларға бөлшектерді іс жүзінде бекітуге үйрету болды.

Конструктормен егжей-тегжейлі танысқаннан кейін және конструктордың алғашқы бірлескен тәжірибелерінен кейін балалар GIGO конструкторымен жиі ойнай бастады және оны ойын ретінде ғана емес, сонымен қатар рөлдік ойындарға қосымша әдіс ретінде де қолдана білді. [12]

Жұмыстың келесі кезеңінде балалармен GIGO конструктормен айналысып, құрылыс сызбаларын енгізу арқылы жұмысты қиындаттым. Схемалар бойынша тапсырмалар көп назар аударуды және нақты келісілген әрекеттерді қажет етеді, әрине, олар балалар үшін визуалды модель бойынша құрастырудан гөрі күрделі, бірақ олар балалардағы іс-әрекеттің тәуелсіздігін дамытады. Ынтымақтастық дағдыларын дамытты. Біз серіктестерді таңдауды, материалды дайындаудағы жұмысты бір-бірімен бөлуді, құрастырылған схемаларға сәйкес ғимарат құру кезіндегі әрекеттерді үйлестіруді және ғимараттың дұрыс орындалуын бірлесіп тексеруді үйрендік. Егер қателер табылса, оларды жоюды үйрендік. [6]

Жұмыс әртүрлі тақырыптық блоктар бойынша жүргізілді: «Көлік» – «хайуанаттар бағы» – «күлкілі Роботтар» – «ғарыш» және т. б. Мысалы, «көлік» тақырыптық блогында жұмыс істей отырып, балалар техниканың әртүрлі түрлерімен және олардың конструктивтік ерекшеліктерімен танысты. Олар көлікті түрлері бойынша жіктеді, әртүрлі көлік түрлеріне мысалдар келтірді, адамдар өмірінде әртүрлі машиналарды қолдану және қолдану функцияларын анықтады. Олар әр түрлі көлік түрлерін үлгі бойынша және өздігінен модельдеді, бөлшектерді пішіні мен түсі бойынша саналы түрде таңдады, машиналар жасау кезінде әрекеттерді таңдауды жоспарлады және талқылады, олардың әрекеттерін талдады, егер олар қателерді тапса, оларды түзетеді. «Зообақ» блогында жануарларға арналған қоршаулар салынды, оларды ойындарда

қолданды, сурет-сызбаны талдады. [6]

Бастапқы техникалық модельдеу оқу қызметтерінде қызығушылықты сақтау үшін біз ҰОҚ-ін өткізудің әртүрлі формалары мен әдістерін қолдандық:

- балалар модельдеу объектілері туралы ақпаратты ала алатын әңгімелер;

- балаларға тапсырманы ұсынылған ретпен орындауға мүмкіндік беретін үлгі бойынша жұмыс (белгілі бір дағдылар мен дағдыларды қолдана отырып, схема бойынша);

- теориялық білімді бекіту және өзінің ұмытылмас жаңалықтарын жүзеге асыру үшін дербес жобалау;

- ұжымдық жұмыс, онда балалар барлығы бірге топпен, жұппен жұмыс істей алады. [14]

GIGO конструкторымен жұмысты ұйымдастырған кезде ойын, жұмыс және оқытуды біріктіру қажет, бұл өз кезегінде, танымдық, практикалық және ойын міндеттерін шешудің бірлігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қазіргі уақытта біздің топтың балалары (5-6 жас) енін, ұзындығын, биіктігін өлшеу мүмкіндігін игерді. Конструктивті есептерді көзбен шеше алады. Олар объектілерді әртүрлі кеңістіктік позицияларда ұсынуды, олардың өзара орналасуын ойша өзгерте білуге, осылайша бейнелі ойлауды дамытуды үйренді. Сонымен қатар балалардың логикалық ойлауды дамытуға ерекше назар аударылды. [1]

Біз балаларға конструкцияларды дұрыс жасауды үйрете білдік деген қорытындыға келдік. Бұл бізге балалардың бойында құрастыру және инженерияға дейінгі ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Жұмыс істеу барысында конструкторды қолдана отырып, біз балаларға қарапайым, түсінікті және қызықты міндеттерді қоя білуді үйреттік.

GIGO конструкторлармен жұмыс істеу балаларға шығармашылық тұрғыдан ойлауға көмектеседі, әсіресе, 4К моделі бойынша командада жұмыс істеуді үйретеді. Бұл жүйе балаларға мәселелерді және сол мәселенің өз шешімін табуға мүмкіндік беретін құралдарды ұсынады. GIGO конструктор-баланы тәрбиелеу және дамыту мәселесін шешуде педагогтер мен отбасының күш-жігерін біріктіруге көмектесетін тиімді тәрбиелік құрал, болашағы зор инновациялық технологиялардың бірі. [5]

GIGO конструктордың арқасында балалар ойлау процестерін белсендірді, қойылған міндеттерді шығармашылық шешуге қызығушылық туды, тапқырлық, тәуелсіздік, бастамашылдық дамыды. Көптеген жағымды эмоциялар пайда болды, құрдастарымен қарым-қатынас жақсарды. Балалар қажет болғандықтан емес, қызықты болғандықтан, яғни бала өз нәрсесін жасағысы келгендіктен құрастыра білді.

Осылайша, GIGO конструкторды мақсатты түрде пайдалану арқылы баланың логикалық ойлау элементтерінің қарқынды дамуына және балалардың көрнекі модельдеуге, сонымен бірге «инженерияға дейінгі ойлау» дағдыларын қалыптастырады деп қорытынды жасауға болады. Баланың қоғамдағы әлеуметтену шекарасын кеңейту, танымдық қызметін жандандыру, өзінің жетістіктерін көрсету үшін ғана емес, сонымен бірге, мектеп жасына дейінгі балаға инженерлік-техникалық бағыттағы мамандықтарды насихаттауға бағытталған кәсіби бағдар беру жұмысының негізін қалайды.

GIGO конструктор – жаңа технология,

GIGO конструктор – заман талабы.

GIGO конструктор – заманауи технология,

GIGO конструктор - инновация ғасыры!



Шығармашылық шеберхана



4К моделі бойынша командамен жұмыс



Креативті панель тақтасында жұмыс

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы);
2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 ж. 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығы.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы);

4. «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы». Тыңдаушыға арналған нұсқаулық, Астана 2019 ж;
5. «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы». Жұмыс дәптері. Астана 2019 ж;
6. «Оқыту-инженерлік кешені», «Кішкентай әртіс» модулі, 2021 жыл;
7. Фешина Е.В. «Конструирование в детском саду»- М.: ТЦ «СФЕРА», 2012г.
8. Комарова Л.Г. Строим из Lego (моделирование логических отношений и объектов реального мира средствами конструктора Lego). – М.: «ЛИНКА-ПРЕСС», 2001г;
9. Куцакова Л.В. Конструирование и ручной труд в детском саду: Пособие для воспитателя дет.сада: Из опыта работы.- М.: Просвещение, 1990.
10. Лиштван З.В. Конструирование: Пособие для воспитателей детского сада. – М.: Просвещение, 1981.
11. О.В.Дыбина, Творим, изменяем, преобразуем / О.В.Дыбина. – М.: Творческий центр «Сфера», 2002 г.
12. Флерина Е. А. Игра и игрушка. Пособие для воспитателя детского сада / Под редакцией Д. В. Менджерицкой, М. Просвещение, 1973
13. Парамонова Л.А. Детское творческое конструирование – М., Издательство «Карпуз», 1999
14. Косминская В.Б. и др. Теория и методика изобразительной деятельности в детском саду: Учеб. Пособие для студентов пед. ин-тов / В.Б.Косминская, Е.И.Васильева, Н.Б.Халезова и др. – М.: Просвещение, 1977



Губайдуллина Бибинур Тураковна
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,
МКҚК №29 «Балауса» бөбекжайы,
компьютерлік сауаттылыққа үйрету мұғалімі

Ы.АЛТЫНСАРИН & ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық
(Ы.Алтынсарин)

Бірінші қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин екі негізгі мақсат қойды: біріншісі - мектеп ашу, балаларды оқыту және жалпы халықты ағарту; екіншісі - халықтың санасын жаңаға бейімдеу бойынша ағарту жұмысы.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.

Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған. Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады.

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде өзгерістер орын алуда: мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтардың назарын балалардың

шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда. https://kk.wikipedia.org/wiki/Ыбырай_Алтынсарин

Қазіргі таңдағы инновациялық білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

- Денсаулық сақтау технологиясы
- Жобалы-іс шығармашылығы
- Ізденіс-шығармашылық технологиясы
- Жаңа-ақпараттық технология
- Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы
- Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы
- Ойын технологиясы
- Триз технологиясы және т.б.

<https://infourok.ru/mektepke-deyingi-bilim-berude-innovaciyalitehnologiyalardi-oldanu-843793.html>

Жаңа ақпараттық технологиясы. Мақсаты - балалардың ізденіс құзіреттілігін дамыту, экспериментті-ізденіс әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру. Ақпараттық – қатынастық технологиясы. Ата аналарының өскен ортасынан заманауи бала түбегейлі бөлініп тұрады. (қазіргі кездегі компьютерлерді қолдану технологиясы)

Қоғамдық ақпарат педагогтар мен балалар алдында мынандай міндеттер қояды:


- жаңа заманға қадам басу; - жаңа технология әлеміне балаға жолсерік болу;
- компьютерлік бағдарламаға тәлімгерді

таңдау;

- ақпараттық мәдениетті жеке тұлға ұалыптастыру;
- педагогтардың профессионалды деңгейін және ата-аналардың құзіреттілігін көтеру.


Ақпараттық технологиялар – анимацияларды, фильмдерді тұсаукесерлер слайдтарын қолдану үйретілетін құбылыстарға балалардың белсенді танымдық қызығушылықтарын танытуға мүмкіндік береді. Танымдық ертегілер балаларды қоршаған ортамен таныстыруға, айнала қоршаған шындыққа белсенді танымдық қарым-қатынасты туындатуға және құбылыстардың мәніне жетуге мүмкіндік беретін білім қорын жинақтауға бағытталған. Танымдық ертегілер балаларды бөлек деректермен таныстырады, құбылыстардың артында не жатқанын айтады. Ертегілер мынадай талаптарға сәйкес болуы керек: танымдық материалдан құрылуы, балаға бала жасына сәйкес білімнен хабар етуі, оның мазмұнын білуге дене қызығушылыққа баулуы керек. Танымдық қызығушылықты туындату үшін міндеттерді шешу басқа жағымсыз сәттермен жасырынбай кейіпкерлердің әрекетінің бел ортасында болғаны, ғылыми мазмұнға қызығушылыққа шақыруы, күрес, жанашырлық пен кейіпкерді іздеу нақты осы мазмұнмен байланысты болуы, соның айналасында шоғырлануы, сонда іске асуы қажет.

Ертегі балаларды қызықтыруы үшін: ертегідегі барлық қимылдардың өрбіуі сол сауалдардың шешімі болуы, сауал мен оның шешімі бала үшін жағымды кейіпкердің тұлғасында нақтылануы, сонымен бірге ол қуанатындай, қобалжыйтындай, ойша күресе алатындай, қойылған мақсатты іздеуді және шешуді, сауалды шешу жай ғана баяндау сипатында берілмей, кейіпкердің белсенді әрекетінің нәтижесінде берілуі қажет.




Мен осы компьютерлік сауаттылыққа үйрету оқу қызметінде өз шығармашылық жұмысымды осы анимацияларды жасау бағдарламасы SCRISH – кейіпкерлерге жан бітіру бағдарламасын балаларға үйретіп, болашақта өз қолдарымен анимация жасай алатындығын көріп, олардың жаңа ақпараттық технологияларға деген қызығушылықтарының артып келе жатқанын байқадым.

Мысалы, мектепке дейінгі ұйымдарда көп колданатын, кең тараған ертегілердің бірі «Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі кейіпкерлерді осы бағдарлама арқылы таңдап, тышқанды шерту арқылы орындарынан қозғап, дыбыстар шығару пунктімен сөйлетуге болатындығын көрсеттім. Өз қалауымыз бойынша фон-әрлеу мәзірінен ертегінің фонын жасап аламыз. Міне, мектепке дейінгі ұйымдарда осындай қызықты әрі жаңа форматтағы бағдарламалармен жұмыстанып, оны педагогтар өз жұмысына пайдаланса, балалардың танымдық, ақпараттық қабілеттері арта түседі.




Кез-келген әрекеттер тізбектеліп орналасады. Оны алгоритм деп аталатынын білеміз. Ал алгоритмді компьютер тілінде программа деп атайды. Осы бағдарламаның бірі – **SCRATCH**-ты кеңінен қалай қолданатындығын таныстырып өтейін.




ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН

Бұл бағдарламаны кез келген педагог немесе тәрбиеші өзінің жұмысына қолдана алады. Өзіміздің күнделікті пайдаланып жүрген браузерлер арқылы **SCRATCH** программасын <https://scratch.mit.edu/download/scratch2> сілтемесін пайдалана отырып, өз компьютерімізге жүктей аламыз.

SCRATCH- ағылшын тілінен аударғанда «тырнап алу» деген мағынаны білдіреді. Осыған байланысты басты кейіпкер ретінде «Мысық» алынған.




SCRATCH - бағдарламасының жұмыс алаңымен таныстырып өтсем



SCRATCH-те программа құру блоктар арқылы жасалады.


Олар 10 түрлі «Қозалыс», «Келбет», «Дыбыс», «Қалам», «Деректер», «Оқиғалар», «Басқару», «Сенсорлар», «Басқа блоктар», «Операторлар». Блоктардың көмегімен құрылған программа скриптер деп аталады.




Программа орындалуы үшін блоктар дұрыс қойылуы тиіс.

Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін осы **SCRATCH**-анимация жасау бағдарламасы арқылы балалардың естеріне қалу мақсатында жасап көрдім. Әке мен баланың жолдан таға тауып, оны шиеге айыр бастап алғандығын қимыл мен дыбыс арқылы арнайы аудио жазбасын көрсетіп, баланың танымдылық, ойлау, есте сақтау, жаңа ақпараттық технологияға деген қызығушылықтарын дамыттым. Бұл әңгімеде Ыбырай Алтынсарин балаларды еңбекқорлыққа, табандылыққа, адамгершілікке тәрбиелей отырып, ата-ананы сыйлап, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуін дәріптейді.

(**SCRATCH**- программасы арқылы Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін анимация жасалу жолын ұсынамын




а) scratch программасын іске қосамыз




ә) Әңгімеге байланысты фонды таңдаймыз

б) Оқиғалар блогынан командасы таңдалады.


в) Қозғалыстар блогынан мына қадамдарды аламыз.



Ата мен немерені 10 қадам жылжыту.
Шет жақта болса итеру





г) Келбет басынан командасын жалғаймыз.




ғ) командасындағы сөзді біл. Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесінің аудиосын (дыбыстық үлгі) алдын ала интернеттен көшіріліп қойылады.

Осы командалар арқылы балалармен жасаған жұмысымызды қызықтап көре аламыз. <https://youtu.be/HQ1ZNdHfh-w>




Ы. Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесінен баламен бірігіп жасалған жұмыс.

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН



Қорыта айтқанда, инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті



Инновациялық технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялар мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді. Оқу-әдістемелік кешен мазмұны білім беру жүйесін жаңғыртудың ақпараттық-құқықтық негіздеріне, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы мектеп жасына дейінгі балаларды 12-жылдық оқытуға көшуге дайындауға бағдарланған.

Мен, өз тәжірибиемде, әсіресе ұйымдас-тырылған оқу қызметтерінде шағын көркем шығарма түрлерін (әңгіме, ертегі) ақпараттық құралдармен анимация арқылы үйрете

отырып, балалардың шығарма мазмұнын дұрыс түсініп, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, сөздің дыбыстық мәдени дағдыларын қалыптастырып отырдым. Сонымен қатар грамматикалық жағынан дұрыс байланыстыра жүйелі әңгімелеп берулерін алға қойдым. Мұндай анимациялық ойын-ертегілер балалардың сөздік қорын дамытып қана қоймай, жаңа ақпараттық инновациялық құралдармен жұмыстануға ерте жастан қалыптасуына мүмкіндік береді. Алдағы уақытта да, осы **SCRATCH**-бағдарламасын оқу қызметтерінде кеңінен қолдана беремін.

XXI ғасырда білім берудің ұлттық жүйесін дамытудың негізгі бағыттары тәрбие мен оқытуда инновациялық қағидаттар мен тәсілдерді қолдану, білім беруді ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін тереңдету, материалдық-техникалық базаны жаңарту және кеңейту, білім беру бағдарламалары мен қызметтерінің кең таңдауын қамтамасыз ету, білім беруді ақпараттандыру болып табылады.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл ұстаз ақпараттық технологияларды қолдана отырып, баланың білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін өзгертіп отыру қажет. Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Сондықтан да жаңартылған білім – болашақтың кепілі, заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Ыбырай_Алтынсарин
2. <https://infourok.ru/mektepke-deyingi-bilim-berude-innovaciyali-tehnologiyalardi-oldanu-843793.html>
3. *Цифрлық сауаттылық.1-сынып.*



Алибекова Гульзамира Айдаркуловна
 Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы
 КМҚК «Еркетай бөбекжайы»
 Музыка жетекшісі

КІШІ ТОПТА БАЛАЛАРДЫ МУЗЫКАЛЫҚ-ЫРҒАҚТЫҚ ҚИМЫЛДАРҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСІ

Балаларды жалпы денесінің дамумен байланысты өмірінің үшінші жылында олардың музыкаға орай қыймылдар жасауы біршама ширағырақ болғанымен әлі де үйлесімділігі жетіспей жатады. Қыймыдлын жалпы сыйпатын беруде (жүгіру, жүру) қыймылды музыкамен бір мезгілде бастау және аяқтай білушілік, жүру мен жүгіру барысында өлшемдік сәттерін белгілей білу әлі жетіспейді.

Бағдарламада музыкалық-қыймылдық дағдылардың төмендегідей көлемін қарастырады балаларды музыка ойналған кездегі үйлесімдік қыймылдар жасауға үйрету, ырғақ сезімін дамыту арқылы педагог айқын сыйпатта көрсетілетін музыкалық шығармаларға сәйкес қыймыл жасауға үйретеді. Балалардың назарын бір музыка бойынша билеуге болатынына енді бір музыкада жүруге болатынына аударарды да мұны балалардың өздері ажырата білуіне мүмкіндік жасайды (мысалы, марш және би музыкасын орындайды, мұндайда қандай сипатта болуын балалардың өздері таба білуі керек). [4.(3)] Балаларды екі бөлімді пьесадағы өзгерісті аңғара білуге, оның басталуын және аяқталуын, дыбыс шығару күшін (қатты, ақырын) аңғара білуге үйретеді; музыка әуенімен жүру және жүгіру кезіндегі ырғақтықты дамытуды жалғастырады. [1]

Балалар таныстырылатын ойындар мен билер қолдарымен ұстасуды, екі-екіден шеңбер бойымен жүре білуді көздейді. Музыкамен ойналатын ойындар музыкалық ойындық образды беру арқылы («Қарғаның балапаны» - «Воронята», «қояндар» -

«зайчики», «аюдың балалары» - «медвежата», «торғайлар»- «птички» және т.б) кейбір образды еліктеушілік қимылдарды меңгеруге көмектеседі.

Сондай-ақ би қимылдары күрделене түседі: бір мезгілде алақанды соға білу және аяқпен тақылдата білу, бір аяқтан екіншісіне ауысып тұру, бір тіземен отыра білу керек. [2]

Сәбилердің екінші тобында музыкалық-ырғақтық қимылдық дағдылар көлемі ұлғая түседі. Балалар нақты тапсырмаларды орындауға бейім болады. Жылдам ойналатын музыкадан олар маршты және билеуді ажырата алады және соған сәйкес жүреді (жүгіреді, секіреді) қимыл арқылы дыбыстың шығу күшінің (күшті, ақырын) және қарқынын (бір қалыпты, жылдам), өзгерісін белгілейді. [4.(3)]

Баланың зейінін музыкалық шығарманың басталуы мен аяқталуына аударуды дамыту жөніндегі жұмыс одан әрі жалғастырылады, сонымен бірге мұндай гимнастикалық, билеу кезіндегі, образдық қимылдар пайдаланылады.

Қимылдардың мәнерлі орындалуына қол жеткізе отырып, педагог жүрудің ырғақты, мүсіеннің қол мен аяқ қимылдарының үйлесімі дұрыс, жүгіру кезінде аяқтың «тырпылдамайтын» болуына, екі аяқпен секірудің, жеңіл орындалуына көңіл бөледі.

Балалар бірте-бірте әр түрлі секірме би және бинелі қимылдарды меңгере түседі. Бұл жағдай олардың музыка сипатын дәл бере беруіне мүмкіндік жасайды.

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН

Аяқтарымен алма кезек жеңіл тақылдатуға саусақтан әрлі-берлі аударыстыруға бір-бірден, екі-екіден айнала білуге үйренеді, музыкаға қосылып текстте берілген қимылдарды орындау арқылы жеңіл өлеңдерді, әуендерді сахнаға шығара алады.

Қимылдарды дамытуға жалаушаларды (бұлғау), орамалдарды (баяу қимылдар), сылдырмақтарды (жоғары көтеру, төмен түсіру, жасыру) пайдалануда музыкамен орындалатын жаттығулар себін тигізеді. [4.(2)]

Кіші топқа арналған музыкалық-ырғақтық репертуар.

Музыкалық-ырғақтық қимылдардың репертуары программалық дағдылар мен біліктерді меңгеруге көмектесетін, оларды біртіндеп және жүйелі түрде меңгеруде балаларға мүмкіндік жасайтын әр түрлі ойындардан, билерден және жаттығулардан жасалған.

Ән айтумен және музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын ойындарға:

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

қуыспақ, жасырынбақ немесе қимылдар тексте және музыкада қаралған қарапайым ойындар енгізілген.

Балаларды үйрету процесінде (3 және 4 жас) міндеттер мен дағдылар бірітіндеп күрделеніледі. Мысалы үшін Ы. Филиппенконың музыкасында жазылған «Поезд» ойынын алайық. [3]

Үш жастағы балаларға арналған түрі. Тәрбиеші өлеңді әнімен айтады. Балдырғандар орындыққа отырады да қолдарымен айналма қимыл жасайды «поезд жүріп келеді».

Төрт жастағы балаларға арналған түрі. Тәрбиеші әнді айтады. Балалар бірінің артына бірі тұрып, қолдарынан шынтаққа дейін бұғу арқылы айналма қимыл жасап (аяқтарымен еденді тақылдатып), бөлменің ішінде жүреді – «поезд жүріп келеді». [4.(1)]

Бала өмірінің төртінші жылында әнмен орындалатын ойындар барынша күрделі әрекеттерді қамтиды. Оны М. Красевтің музыкасында жазылған «Жалауша» «Флажок» ойынынан аңғаруға болады.



Паровоз

Слова Т. Волгиной

Музыка А. Филиппенко

[Оживленно]

**Флажок Слова М. Ивенсен
Обработка М. Красева
[Бодро]**



Қолданылған әдебиеттер:

1. Балалар бақшасында музыкалық тәрбие беру әдістемесі.
2. Балабақшадағы музыкалық сабақтар. (Музыкальные занятия в детском саду. Примерные конспекты занятий).
3. Сургучева В.И Из опыта руководства музыкальными занятиями в разно-возрастной группе.
4. Музыкальное воспитание в детском саду. «Педагогические чтения»
 1. Байжігітов Б. Көркем өнер терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі.
 2. Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте.
 3. Способности ваших детей. Сост. Линькова н. П. Шумлин Е А «Просвещение»



Муртазина Сауле Муратхановна
Костанайская область
КГКП «Ясли – сад «Айналайын»
Методист

МАСТЕР-КЛАСС: «РАЗВИТИЕ ЛОГИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ДОШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГР И УПРАЖНЕНИЙ С ПОП ИТ

Цель мастер-класса: повысить уровень профессионального мастерства педагогов в использовании игровых технологий для развития *логиго-математических способностей* детей старшего дошкольного возраста.

Задачи:

- расширять знания педагогов в использовании актуальных игровых технологий, с помощью разработанных логиго-математических игр и упражнений;
- повысить компетентность педагогов в использовании в работе игрушки ПОП ИТ для развития логиго-математических способностей дошкольников;
- активизировать имеющиеся у педагогов знания, креативное мышление.

Актуальность:

Учитывая положение отечественной педагогики и психологии о том, что игра является ведущим видом деятельности дошкольника, считаю, что именно в ней возможно найти резервы, позволяющие осуществить необходимое развитие мышления ребенка, которые будут необходимы при переходе в школу. Средства развития мышления различны, но наиболее эффективными являются логиго-математические игры и упражнения,

Самая популярная брендовая игрушка 2021 гола- вечная пупырка. В переводе с английского POP IT означает «лопни это». Двухстороннее игровое поле – это

пузырьки из упругого, чуть бархатистого ПВХ. Двухстороннее игровое поле с ячейками, которые издают приятный звук при нажатии, и напоминают лопающие пузырьки на упаковочной пленке. В отличии от пленки ее можно использовать снова и снова: пузырьки при нажатии просто проваливаются внутрь и наоборот. Как только вы закончили нажимать пупырки на одной стороне, переверните игрушку и начинайте лопать заново. Поля бывают разных цветов и форм.

Первые поп иты появились в конце 2019 года. Но популярными эти игрушки стали только в начале 2021 года. Сначала тренд завирусился в Тиктоке. Люди начали заказывать эти игрушки на “Алиэкспрессе” и снимать на видео процесс. Параллельно с этим на ютубе появилась куча видео о том, как сделать самодельный поп ит.

Хотя попытерство выглядит как примитивное увлечение, на деле это не так, детский психолог Наталья Наумова оспорила мнения людей старшего поколения, она рассказала о полезных свойствах антистресс-игрушки «поп-ит» для дошкольников.

По ее словам, терапия с использованием этой игрушки наиболее полезна именно для детей дошкольного возраста. В частности, такие игры способствуют сенсорному, познавательному развитию детей, отметила эксперт.

- Чем насыщеннее будет среда у ребенка, тем больше нейронных связей сформируется, тем увереннее он будет развиваться в других сферах, особенно в интеллектуальной, когда придет пора идти в школу.

Инновационная идея: инновационность состоит в том, что я разработала разноуровневые игры и упражнения с ПОП ИТ, направленные на развитие *логиго – математических способностей дошкольников*. Наряду с этим у детей развивается: координация движений в системе рука-глаз, пространственное мышление, формируется причинно-следственные связи, обогащается сенсорно-тактильная палитра, внимание и усидчивость.

Инновационность состоит в том, что я функционировала игрушку подобрав к ней карточки с заданиями для игр и упражнений. С этими карточками можно заниматься индивидуально, в паре, коллективно. Цель игровых карточек: *развитие логиго-математических способностей дошкольников*. Игровые задания подобраны по 3-м уровням сложности: высокий, средний, низкий. Такое разделение помогает ориентироваться в подборе занимательного материала и задач, предупреждает возможные перегрузки, потерю интереса детей к заданиям. Детям, справляющимся с логическими задачами на низком или среднем уровне, я предлагаю варианты игр высокого уровня, а так же подключаю игры соревновательного характера.

Практическая значимость: данный мастер – класс будет способствовать повышению умений педагогов адаптировать наглядный материал с игрушкой ПОП ИТ в воспитательно-образовательном процессе.

Прогнозируемый результат мастер-класса:

- получение педагогами представлений об использовании ПОП ИТ для развития логиго – математических способностей детей дошкольного возраста;
- активизация внедрения в образовательный процесс методов и



Теоритическая часть

Благодаря рекламам социальных сетей, на сегодняшний день завоевала интерес детей такая игрушка как ПОП ИТ. Чтобы увлечение детей не было таким уж и бесполезным, я разработала игры и упражнения на развитие логиго-математических способностей. Разработанные игры и упражнения так увлекли наших детей, что я хотела бы продемонстрировать их вам, уважаемые коллеги!

Для мастер-класса я взяла ПОП ИТ квадратной формы «Радуга». Мои коллеги разделись на 3 команды, которым я рекомендую игры и упражнения по трем уровням сложности: низкий, средний, высокий.

Практическая часть

Каждый педагог надевает на руку мышонка из бумаги, чтобы пальцами можно было лопать пупырки (пальчиковый театр).

Жил на свете котёнок Барсик. Был он хитрым и ловким. Как-то он повстречал мышат и так ему захотелось поиграть с ними, что стал придумывать для них разные игры.

- Вот выполните мои задания, тогда отпущу к вашей маме мышке.

Но, не чего делать, согласились мышки.

1) Задание.

Цель: развивать навыки детей в прямом

ПЕДАГОГТЕР СІЗДЕР ҮШІН

и обратном счёте в пределах 6.

- Перед вами игрушка ПОП ИТ, вам надо посчитать до 6 и обратно, при этом лопаая каждый пупырок.

Участники мастер-класса ведут счет до 6 и обратно, при этом лопаая каждый пупырок.

2) Задание.

Цель: закрепить навык счета; знания цветов: фиолетовый, синий, зелёный, оранжевый, желтый, красный. Развивать умения соотносить цифру с количеством пупырок.

- Перед вами карточки с пупырьками и цифрами. Возле каждого цвета пупырки своя цифра. Надо лопнуть столько пупырок сколько написано возле этого цвета.

Участники лопают такое количество пупырок каждого цвета, сколько написано на карточке. Для подгруппы с низким уровнем каждого цвета надо лопнуть только по одному или по два.

3) Задание.

Цель: формировать пространственные представления и способы ориентации в пространстве, используя различные анализаторы (осязательный, зрительный, слуховой).

- Ориентировка в пространстве. Карточки с указанным лопнувшим пупырьком. Мышата должны назвать где пупырки находятся.

Участники называют где на плоскости ПОП ИТа находится лопнувшая пупырка. Например: лопнувшая пупырка находится в верхнем левом углу. Для подгрупп низкого и среднего уровня надо назвать по одной пупырке, для подгруппы высокого уровня по 2-3.

4) Задание.

Цель: учить ориентироваться на плоскости ПОП ИТ, развивать зрительное и слуховое восприятие, произвольность внимания и памяти.

- Графический диктант. Карточки с указанными стрелочками на пупырьках. Надо лопать пупырки только по направлению стрелочек.

Участники лопают пупырки по образцу карточки, на которых нарисованы стрелочки.

Для подгруппы с низким уровнем всего 2-3 стрелочки, для подгруппы со средним уровнем 4-5 стрелочек, для подгруппы с высоким уровнем – 5-6 стрелочек.

5) Задание. Игра «Морской бой» - в паре.

Цель: развивать познавательные и творческие способности дошкольников.

- Игра проходит в паре. Под ПОП ИТ кладется лист бумаги с ориентирами цифр и букв по горизонтали и вертикали. Надо найти шарик противника раньше, чем он успеет найти ваш.

Каждый участник прячет один шарик под ПОП ИТ, чтобы не видел противник. Противник называет число по горизонтали и вертикали, в пересечении этих цифр участник лопаёт пупырку. Если шарик не найден, ход переходит другому участнику, так пока не будет найден шарик, кто первый найдет шарик, тот победитель. Для высокого уровня предлагается карточка с цифрами и буквами.

- Все мышата справились с заданиями котенка. Конечно же я вас отпущу к маме мышке.

- Какие молодцы! Вы такие умные и ловкие, можно я буду с вами дружить?

- Да, будем дружить!

С помощью таких игр развивается память, мышление, внимание.

- Мы все задания выполнили, помогли вернуть мышат их маме мышке.

- Уважаемые участники мастер – класса, если вы будете следовать такой последовательности то, у ваших воспитанников будет развиты логико-математические способности, используя понравившийся им такую игрушку как ПОП ИТ.

Рефлексия:

- Какие трудности Вы испытали выполняя задания? Игры с карточками у детей вызывают живой интерес. А вам интересно было играть? А как вы считаете, какими мыслительными операциями овладевают дети в подобных играх?



Саламатова Гульдана Өмірбекқызы
 Атырау қаласы
 «Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қоры»
 қоғамдық қорының филиалы
 «Мирас» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші

ОЙНАЙ ОТЫРЫП, ҮЙРЕНЕМІЗ. («VAY TOY» қимылды - дамытушы ойындар)

Аңдатпа: Мектепке дейінгі жас – бұл ерекше және шешуші кезең. Осы кезеңде баланың тұлғалық негіздері қаланады және әлеуметтік құзыреттілік қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым педагогтары балалармен жұмыста ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Сондай тәсілдердің бірі «VAY TOY» қимылды-дамытушы ойыны арқылы оқыту.

Түйін сөздер: сенсорлық қабілетері, «VAY TOY» ойыны, геометриялық пішіндер.

Қазіргі кезде балабақшада да, үйде де мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытуға арналған сан түрлі ойындар көп. Бірақ ең алдымен ол ойындар баланың белсенді қимыл қозғалысын дамытуға арналмаған.

Ал балалар көбінесе өзінің қимыл белсенділігін көрсете отырып ойнағанды ұнатады. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық, зерттеушілік, ізденімпаздық, шығармашылық даму процесін оның қимыл қозғалыс белсенділігімен қалай үйлестіруге болады?

Бұл сұрақтардың жауабын «VAY TOY» қимылды-дамытушы ойыны арқылы таба аламыз.

«VAY TOY» бұл - дидактика мен ойын-сауықтың тамаша үйлескен инновациялық құрал. Мектепке дейінгі ұйымдарында кіші топтан бастап, мектепалды даярлық тобына дейін баланың сенсоромоторлық интеллектісін дамыту бойынша сауатты жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

«VAY TOY» ойынның мақсаты – қызықты қимылды ойындар арқылы ақылды, зейінді, дербес, көпшіл және дені сау баланы дамыту.

«VAY TOY» қимылды дамытушы ойының шығу тарихына тоқталатын болсақ. Бұл ойынның авторлары Марк Вайнапель және Татьяна Закрачаева ерлі – зайыптылар.

Ойынның пайда болуына олардың егіз балалары Лиза мен Ева себепкер болған. Әкесі мен анасы балаларның көп уақытын үстел үстінде (сурет салу, жабыстыру, пазл жинау т.б.) өткізетінін байқаған.

Олар балаларына арнап конструктордың түрлі түсті текшелері мен твистерден жерге төсейтін кілемшені жасаған. Балалар қолдарындағы текшелерді сәйкестендіріп қойып, қызыға ойнаған. Содан кейін олар дәл осындай үлгіде балалар қимылдап жүріп ойнай алатын ойын түрін шығаруды жоспарлаған. Ойын авторларыда өздері балалармен бірге қимылдай отырып, балаларды жан-жақты дамыта алатын үстел үсті ойындарынан бөлек ойынды ойлап тауып алғашқы ойынды жасады.

«VAY TOY» ойын жиынтығына не кіреді?

Ойын жиынтығына: үлкен ойын алаңы «Пішіні. Түсі. Көлемі» (жасақталған кілемше), 18 фигурадан (көк, қызыл, жасыл, сары түсі үлкен-кішкентай дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, пішіндер), түрлі-түсті сөмкелер, тапсырмалы карточкалар.

«VAY TOY» ойынының артықшылығы:

- қарапайымдылығы (мектеп жасына дейінгі балаларға түсінуге жеңіл);
- динамизм (баланың қозғалыс белсенділігін қамтамасыз етеді);
- әлеуметтілік (балалардың заманауи

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

гаджеттерді ғана емес, сонымен қатар құрдастарымен және ересектермен ойнай алуы маңызды);

- сапалық («VAY TOY» ойын жиынтықтарына кіретін барлық материалдар жиі санитарлық өңдеуге төзімді);

- қауіпсіздік (материалдар балалардың денсаулығына зиянсыз);

- вариативтік (білім беру жағдайына, соның ішінде балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерінің өзгеруіне байланысты ойынды күрделендіруге болады).

- білім беру салаларын ұйымдастырылған оқу қызметінде де, балалардың дербес іс-әрекетінде де кіріктіру.

Ойындардың көмегімен мектеп жасына дейінгі балалар қарапайым математикалық ұғымдарды игереді: негізгі түстерді (көк, қызыл және сары), геометриялық пішіндерді – дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, әртүрлі көлемді (үлкен, кішкентай). Сонымен қатар, логиканы, есте сақтауды және зейінді дамытады. Ойындар үш сатылы ойын кезеңін қолдануды қамтиды: естимін, білемін, қолымда ұстаймын және қайталаймын. Мысалы: «Бұл геометриялық пішін...», «Оның атауы...», «Дәл осындай пішінді алып кел...», «Не алып келдің?» [4]

«VAY TOY» ойыны танымдық тапсырмаларды қабылдауға және белсенді түрде орындауға түрткі болады, іс-әрекеттің себептері мен нәтижелері туралы болжамдар жасауға, қозғалыс кезінде жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Педагог ойын тапсырмаларын қарапайымнан күрделіге өзгерте отырып, баланы салыстыруға, сөйлеуге, ажыратуға, шешім қабылдауға, әрекет етуге үйретеді.

«VAY TOY» ойыны балалардың стереогностикалық сезімдерін дамуына да ықпал етеді. Яғни, жасырылған геометриялық пішіндерді табу жаттығулар орындау барысында балалардың тактильді сезімдері, геометриялық пішіндердің қасиеттерін бекітетін категориялар бойынша сұрыптау мен жіктеуді үйренеді және сөздік қорын жаңа сөздермен кеңейтеді.

Бұл ойынның тиімділігін өз тәжірибемде дәлелдедім. [2, 2-3 бет]

«Геометриялық боулинг» ойыны

Мақсаты: геометриялық пішіндерді олардың қасиеттері бойынша ажырата білу қабілетін, көру қабілетін және қозғалыстарды үйлестіру, ептілік, допты домалату қабілетін дамыту.

Ойын шарты: Педагог жерге пішіндерді орналастырады және әр ойыншыға бір доптан береді. Белгі берілген кезде балалар допты домалату арқылы жердегі пішіндерді құлату керек. Ойынды күрделендіріп педагог белгілі бір пішіннің атуын айтып бала сол пішінді құлату керек. Доптың орынына үлкен дөңгелек пішінін алуға болады. [1, 29]

«Алға қадам бас»

Мақсаты: геометриялық пішіндердің қасиеттері туралы білімдерін бекіту, есту қабілетін дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Ойын барысы: Педагог балаларға пішіндер салынған қапшықты алып келеді. Әр бала қапшықтан бір пішінді алып қатарға тұрады. Педагог «Қызыл түсті пішіндер алға қадам бас», «Кішкентай пішіндер алға қадам бас», «Көк түсті, үлкен пішіндер алға қадам бас» т.с.с. нұсқау береді. Педагог белгісі бойынша қолындағы пішіні нұсқауға сәйкес келетін балалар бір қадам алға шығады. Нұсқауды дұрыс орындап, шапшаңдық таныта білген бала ойын мәресіне бірінші келіп, жеңіске жетеді.

Бұл ойынның күрделендірілген түрінде ұсынуға болады.

«Артқа қадам бас, екі қадам алға бас»

Мақсаты: геометриялық пішіндердің қасиеттері туралы білімдерін бекіту, есту қабілетін дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Ойын барысы: Балалар қолдарына әр түрлі пішіндерді алады. Педагог белгісі бойынша нұсқауды орындайды. Педагог: «дөңгелек» досым тыңда, артқа қадам жаса». Қолында дөңгелек пішіні бар балалар арқа қадам жасайды. «Кімде үлкен шаршы бар, аяқты топылдатар». Қолында шаршы пішіні бар балалар аяқтарын топылдатады. Әрі қарай педагог әр түрлі нұсқаулар береді. «Көк түсті шаршы артқа, екі қадам жаса». «Екі рет шапалақ соғамын, үшбұрыш отырып, тұрады». Қолында үшбұрыш пішін бар балалар отырып, тұрады т.с.с. [1, 31 бет]

«Орын ауыстырамыз»

Мақсаты: зейінділікке, тез әрекет ете білуге тәрбиелеу.

Ойын шарты: алдымен барлық балалар үш командаға бөлінеді. Бірінші команда-дөңгелек, екіншісі- шаршы, үшіншісі – үшбұрыштар. Әр команда үш шеңбер құрады. Дөңгелек - ішкі шеңбер, шаршы – орта, үшбұрыштар-сыртқы. Педагог шеңбердің ортасында болады. Ол пішіндердің бірін атайды, ал осы топтағы балалардың міндеті – орын ауыстыру, орын алу және т.б.

«Жалғастыру» ойыны

Мақсаты: балаларды үш сипаттамаға сәйкес фигураларды таңдауға үйрету-түсі, пішіні, өлшемі.

Ойын шарты: Педагог ойын алаңына пішінді салады. Келесі ойыншының міндеті- қасына түсі (пішіні, көлемі) бірдей басқа пішінді қою керек. Балалар өз таңдауын сөзбен түсіндіруі керек. Ойын екі команда да пішіндер таусылғанша жалғасады.

«Әуе шары және пішіндер» ойыны

Мақсаты: геометриялық пішіндердің қасиеттері туралы білімдерін бекіту, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: алдымен барлық балалар екі командаға бөлінеді, бірінші топ әуе шарын ұстайды, екінші топ пішіндерді алады. Бірінші топ шеңбер болып тұрып, әуе шарын (дөңгелек, жеңіл мата) ұстайды. Әуе шарының астында, ортада геометриялық пішіндер болады. Педагог балаларға бір пішіннің атауын айтады, сол кезде бірінші топ әуе шарын жоғары көтеріп, төме түсіреді. Екінші топтың міндеті әуе шары көтеріліп, төмен түскенше аталған пішінді алып үлгеруі керек. Әуе шарын бірнеше рет көтеріп ойнағаннан кейін командалар орындарын ауыстырады. [1, 34 бет]

«Сыңарыңды тап» ойыны

Мақсаты: айырмашылықтар мен ұқсастықтарды ажырата білуге, өз таңдауын түсіндіруге үйрету, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: педагог балаларға әр түрлі (түсі, көлемі, пішіні) пішіндерді үлестіріп береді. Музыка қосылғанда балалар шашыраңқы жүгіреді. Педагог белгі берген

кезде балалар өз сыңарын табады. Әр жұп өз таңдаған сыңарларын түсіндіріп, қандай ұқсастықтары (түсі, пішіні, көлемі бойынша) бар екенін айтады. [1, 64]

«Судоку» ойыны

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды, логикалық ойлауды, коммуникативті дағдыларды дамыту

Ойын шарты: Ойын 3-4 баламен ойнатылады. Педагог ойын алаңының бірінші қатарына геометриялық пішіндерді толық (қызыл, сары, көк пішіндер) орналастырады, екінші қатарынан бір орын және үшінші қатардан екі орынды бос қалдырады. Балалар бос орындарды сәкес пішіндермен толтыруы керек. Бір қатарда тұрған пішіндер түсі, пішіні бойынша қайталанбауы тиіс. [1, 69]

Геометриялық пішіндермен ойындар есте сақтауды, зейінді, табандылықты, ерік-жігерді жаттықтыруға, моториканы, сөйлеуді, логикалық және жан-жақты ойлауды, ұжымда жұмыс істеуге, достасуға және өзіне де, командаға да сенімділік пен жауапкершілікті сезінуге көмектеседі.

VAY TOY-да ойнау арқылы балалар өздерінің зерттеушілік, танымдық қызығушылықтарын ғана емес, қозғалыстағы физиологиялық қажеттіліктерін де қанағаттандырады. Балалардың табиғи жағдайы- бұл қозғалыс! Балалар белсенділік таныта отырып ойнағанды ұнатады.

«VAY TOY» құралдарының тәрбиеленушілер үшін тиімділігі:

- ✓ оқу қызметінде VAY TOY» құралдарын қолдану арқылы тәрбиеленушілерге өзін-өзі таныту үшін оңтайлы жағдай жасайды;
 - ✓ танымдық белсенділікті қалыптастырады, қарым-қатынас және командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастасады;
 - ✓ ойынды зерттеушілік және эксперименттік іс-әрекетпен біріктіреді, балаға өз әлемін құруға мүмкіндік береді.
- «VAY TOY» құралдарының педагогтар үшін тиімділігі:**
- ✓ білім беру салаларының кіріктіруін қамтамасыз етеді;


БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

- ✓ педагогке ойын тәртібінде мектеп жасына дейінгі балалардың білімін, тәрбиесі мен дамуын ұштастыруға мүмкіндік береді;
- ✓ инновациялық технологияларды қолдануда педагогтардың біліктілік деңгейі өседі;
- ✓ тәрбиеленушілермен диалогтық әрекеттестігінің жаңа түріне дайындайды;
- ✓ «VAY TOY» құралдарын қолдана отырып, оқыту тапсырмаларының жүйесін жетілдіреді және жинақтай алады;
- ✓ оқу қызметінен тыс уақытты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Көріп отырғаныңыздай, ұсынылған ойындар өте қарапайым және қызықты, бірақ сонымен бірге олар бірқатар білім беру мәселелерін шешуге көмектеседі, мектеп жасына дейінгі балалардың қозғалыс қажеттілігін толығымен қанағаттандырады. «VAY TOY» ойындарымен сіз баланы үйрете аласыз, оны жан – жақты дамыта аласыз, ең бастысы-баламен қарым-қатынаста болып, оның жетістіктеріне бірге қуана алсыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Модель. Н.А. Подвижные игры с геометрическими фигурами/ Модель. Н.А.// Библиотека воспитателя.-М.: Сфера, 2019.
2. Пепелова С. П. Развитие речи детей дошкольного возраста с помощью напольных подвижных игр «VAY TOY» / Пепелова С. П. «Наука и образование: новое время» // М.: Сфера, 2018.
3. Вайнапель М., Закрачаева Т. Наша история—создатели подвижных развивающих игр VAY TOY <http://vaytoy.ru/nasha-istoriya/>
4. Объединяем обучение, игру и движение. // Игры и Игрушки. Эксперт. – 2017. – №4. Электронный ресурс. [Режим доступа: <https://www.i-igrushki.ru/archive/obedinyаем-obuchenie-igru-i-dvizhenie.html>]



Шуиншалиева Актоты Жакыпбековна
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы
Әйтеке би кенті
№ 11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы
әдіскер

«Ш» ДЫБЫСЫ

Білім беру саласы: Қатынас

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сауат ашу негіздері

Тобы: «Құлагер» мектепалды даярлық тобы

Тақырыбы: «Ш» дыбысы

Мақсаты: «Ш» дыбысының айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйренеді. Сөздегі буындардың санын анықтайды. Дамытушы ойындар арқылы үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

Күтілетін нәтиже: «Ш» дыбысының айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйренді. Сөздегі буындардың санын анықтады. Дамытушы ойындар арқылы үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасады.

Ресурстар: Смайликтер, сайқымазақ, түрлі түсті шарлар, кубик, видеоролик, дәптер, қалам, сөздер, әріптер, текшелер, пазлдар.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бала үні, коммуникативтілік, қызығушылығы, дербестігі, 4К-сыни ойлау, командалық жұмыс, өнім арқылы саралау, ашық сұрақтар, рефлексия, жанама, тікелей бақылау, миға шабуыл, құрылымдалған ойын, кубизм әдісі, педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын, түрлі түсті шарлар арқылы топқа бөліну.

Кіріспе: «Көңілді сәлемдесу» балалар топқа көңілді смайликтерді таңдау арқылы кіріп, тәрбиешімен амандасады. Ендеше осы көңіл күймен бүгінгі оқу қызметімізді бастайық.



Ғажайып сәт: Қолында түрлі түсті шарлары бар сайқымазақ келеді. Смайликті таңдау арқылы сайқымазақта тәрбиешімен амандасады.

Қош келдің сайқымазақ, біздің топта қайдан жүрсің?

Сайқымазақ: Саламатсыңдарма балалар. Осы топта қызықты оқу қызметі болайын деп жатқанын естіп қонаққа келіп қалдым. Мен сендерге бос келген жоқпын, сендерге сыйлық ала келдім. Міне менде сыйлықтар өте көп. Сендермен бірге оқу қызметіне қатыссам болады ма? Ой балалар менің қолымдағы не зат екенін ұмытып қалдым ғой. Тух есіме түспей тұрғаны. мұңайады.



Тәрбиеші: Балалар сайқымазаққа көмектесеміз бе? Қолында тұрған қандай зат екен? Олай болса бүгінгі оқу қызметімізді сайқымазаққа арнайық. Бізде бүгін кезекші кім? Сайқымазақтың қолындағы алғашқы сыйлығымызды, яғни шарларды алып достарыңа таратып бере қой. Қызыл, жасыл, сары шарларды таңдау арқылы үш топқа бөлінеді. Топ басшылары сайланады.



Кубизм әдісі

- Дыбыс нешеге бөлінеді?
- Әріп дегеніміз не?
- Дыбыс дегеніміз не?

Негізгі бөлім:

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

Құрылымдалған ойын: «Кім жылдам?»

Шарты: Берілген дыбысқа сәйкес келетін суреттерді қағаз бетін бағдарлай отырып жапсырады.

Топ «А» дыбысы

Топ «Т» дыбысы

Топ «О» дыбысы

Қай топ өз жұмыстарын бірінші орындап болса, шапалақ ұрамыз.



Әр топ басшысы орындаған ойын түрін достарымен бірігіп қорғады, сөздегі буындардың санын анықтады.

- «Бізден сізге жылулық»
- «Бізден сізге шапалақ»



- «Бізден сізге отшашу» арқылы топтар бір-бірін бағалайды. Балалар сайқымазақтың қолынан не көріп тұрсындар?

- Тамаша, дұрыс айтасындар. «Шар».

- Енді менімен бірге шар деп айтып көріңдерші.

- «Шар» сөзінде ең бірінші қай дыбысты естіп тұрсындар?

- Әрине дұрыс айтасындар. «Ш» дыбысын естіп тұрмыз.

- Демек бүгін біз «Ш» дыбысымен танысатын боламыз.

- Енді менімен бірге «Ш» деп айтып көріңдерші.

Біз бұл дыбысты созып әндетіп айта аламыз ба?

- Жоқ айта алмаймыз. Өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырап шығып тұр. Демек бізде «Ш» дыбысы дауыссыз дыбыс. Ал дауыссыз дыбысты біз қандай текшемен белгілейміз? Өте жақсы балалар.

- Ал енді балалар экрандағы видеороликке назар салыңыздар. Сөздерді менімен бірге қайталап отырыңыздар.

- Қазір біз «Ш» дыбысының жаттығуларда дұрыс айтылуына үйренеміз. Артикуляциялық, тыныс алу жаттығуларын орындаймыз.

- Ең алдымен артикуляциялық жаттығу жасаймыз.



- Әр артикуляциялық жаттығуды 4 және 5 рет қайталаймыз.



Досқалиева Мейрамгүл Темірқызы
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы
КМҚК «Гаухар» бөбекжай балабақшасы
тәрбиеші

БАЛАБАҚШАДА ПЛАСТИЛИНОГРАФИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Балалардың мүсіндеу оқу қызметіне деген қызығушылығын оятатын қызық техникалардың бірі-пластилинография.

Пластилинография түсінігі екі мағыналы түбірден тұрады: «графия»-жасау, бейнелеу, ал сөздің алғашқы бөлігі «пластилин» ойлаған затынды жасау үшін арналған ермексаз. Ермексаз- мүсіндеу үшін арналған шикізат. Ол тазаланып және ұнтақталған саз ұнтағына балауыз, церезин, май және басқа да құрғап қалудан сақтайтын заттардың қосылуы арқылы жасалады.

Ол әртүрлі түстерге боялады. Оны 1899 жылы Англияның өнер мектебінің оқытушысы Уильям Хэрбатт ашқан. Бастапқы уақытта оның түсі сұр болған, кейін төрт түсті етіп жасалған. Ермексаз мүсіндеу үшін өте қолайлы, қолға жабыспайды. Балалар қолдануына өте қолайлы. Бұл техниканың негізгі қағидасы жатық бетте көбірек немесе азырақ дөңестеу, жартылай көлемде нысандар бейнеленген мүсінді суретті салу болып табылады. [1]



Мектеп жасына дейінгі ұйымдағы пластилинография мектепке дейінгі білім бағдарламасында міндетті емес болғандықтан бейнелеу өнеріндегі өте сирек қолданылатын өнер болып табылады. Бірақ онда балалардың қоршаған ортаны танып білуіне, сөздік қорын дамытуға, саусақ қимылын жетілдіруге, мінез-құлқын қалыптастыру үшін үлкен педагогикалық мүмкіндіктер мен тәрбиелік қор жатыр.

Ермексаз-жұмсақ, иілгіш, созылғыш, икемге тез көнетін, әртүрлі пішінге оңай келетін материал. Сонымен қатар оның қолайсыз жақтары да бар. Жаңа емес ермексаз қатты болады, оны илеу, жұмысқа дайындау әсіресе балалардың саусақтарына өте қиын; ермексаздың құрамында май болады, сондықтан қағаз бетіне салған кезде уақыт өте онда май дақтары пайда болады.

Егер де мына ұсыныстарды ескеретін болсақ бұл ыңғайсыздықтан құтылуға болады.

1. Оқу қызметі алдында қатты ермексазды ыстық су құйылған ыдыста жылытсы болады. (бірақ қатты қайнаған су болмауы керек).

2. Ермексаз-көлемді зат, демек оның салмағы бар, сондықтан ермексаздан затты жасауда басу, жағу, тегістеу кезінде негіздің бүлінуі болмас үшін жұмыс барысында жұқа емес қалың қатты қатырма қағазды қолдану керек.

3. Уақыт өте сурет өзінің әдемілігін жоғалтпас үшін алдын ала суреттің нобайы салынған немесе салынбаған негізді жылтыр қағазбен (скочпен) қаптау керек. Бұл

қағаз бетінде майлы дақтардың болмауын қамтамасыз етеді, тайғақ, жылтыр бетте жұмыс істеу оңайырақ және жылтыр беттен артық ермексаз дақ қалдырмай алып тастау оңай. Бұл жағдайда нобайы маркермен сызылады, егер бала суретті қате сызған болса дымқыл майлықпен оңай сүртіледі.



4. Егер жұмыс сыйлық ретінде, мәселен, «Анама арналған гүл шоғы», әлде топ бөлмесін әдемілеуге арнап жасалған болса, ермексаздан жасалған композицияны түссіз лакпен қаптау керек (балалар жоқ кезде). Лак қапталған ермексаз уақыт өте қатаяды, жарқырайды және оның бетінен шаң оңай сүртіледі.

5. Кез-келген уақытта бала қолын сүрту үшін оның жұмыс үстелінде матадан жасалған майлық жатуы керек. Ал жұмыс істеп болған соң қолын майлықпен сүртіп, сонан соң сабынмен, жылы сумен жуу керек.

6. Ермексазбен жұмыс істеу еңбекті көп қажет еткендіктен балаларға жұмыс барысында көзге арналған және жалпы қимылын дамытуға арналған минуттық жаттығулар, динамикалық үзілістер қарастырылуы керек.

7. Нәтижесі өте тиімді және балалардың қабілеті мен ептілігіне байланысты емес.

8. Пластилинография технологиясы өте қарапайым және ойынды еске түсіреді, балаларды оқытудағы «Ойнай отырып

НАШ ДЕТСКИЙ САД: МЫ ПРЕДЛАГАЕМ

оқимыз» қағидасына сайма-сай келеді. [1,2]

Пластилинография оқу қызметіне қажет: балаларды өнер туындысына ұқыпты қарауға тәрбиелеу; пішіндердің ұқсастығы мен пропорциясы ғана емес, өзіндік кейпін беру арқылы мәнерлі бейнесіне жету, айналаның әдемілігін көре білуге үйрету, көргендерін бағалап, ойлап, дәлелдеп айту, білгендерін өнер арқылы жеткізу және қоршаған ортамен танысып, өздерінің эстетикалық, шығармашылық жұмыстарын білгендеріне қосу.

Бейнеленген заттың айқындылығы мен белгілерін беретін құрал ретінде ермексаздың түсі өте маңызды рөл атқарады. Пластилинография әдісімен жұмыс істеу барысында балалар 15-тен 20-ға дейінгі түстерді ажыратуға, түрлі түстерді араластырып ашық түстерді алуға үйренеді, «Бір түстің екінші түске ену» әдісін меңгереді.

Бұл оқу қызметінде балаларда бейнелеуді меңгерумен қатар қоршаған орта туралы сәйкес ұғымдар, түстің сенсорлық эталоны, пішіні мен шамасы қалыптасады, сөйлеу қабілеті жетіледі.

Пластилинография техникасында мүсіндеу балалардың қорқуы мен сенімсіздік сезімін жеңгендіктен балалардың тиімді дамыту құралы болып табылады.

1. *Затты қабылдауды ұйымдастыру.* Ол-жоғары нүктеден бастап төмен қарай, негізгі сипаты сызықтар бойынша саусақтар мен көздің бір қалыпты және үздіксіз қозғалысы. Зат әрдайым белгілі бір күйде тұрады. (Сол қолмен затты ұстап тұрады, оң қолымен оны зерттейді, зат столда қозғалыссыз тұра алады).

2. Затты қолмен және көзқараспен зерттеу оның негізгі бөліктерін саралаумен және олардың қасиеттерін айқындаумен қоса жүреді, саусақтардың қозғалысы тереңдік қатынасын өлшегендей болады және бөліктердің кеңістіктегі өзара қатынасын анықтайды.

3. Заттың ең ұсақ бөліктерін көрсету және оларды формасының, көлемінің, негізгі бөліктерге қарағанда кеңістіктегі орнын анықтау.

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

4. Затты қайтадан тұтас қабылдау. Қолдың жалпы ақтық қозғалысы мен жоғарыдан төмен қарай көзбен шолып шығу сезімдік жолмен алынған деректерді тұтас бейнеге біріктіруге мүмкіндік береді. Зерттеу заттың құрылымын саралауға бағытталуы мүмкін. Бұл жағдайда қолдың барлық саусақтары жұмыс істеуі тиіс. Материалдық құрылымын анықтау үшін заттың бетіне қолды батыруға тура келеді.



Мүсіндеу кезінде заттарды зерттеудің өзіндік ерекшелігі бар, өйткені мүсіндеуде заттың формасы көлем күйінде беріледі. Мүсіндеу алдында затты зерттеудің жоғарыда ұсынылған жүйесі сабақ, ойын


немесе арнаулы жаттығулардың барысында жүзеге асады. Затты қабылдауда, сондай-ақ затты ажырата білуге мүмкіндік беретін оның кейбір қасиеттерін тануға балаларды 2-3жастан үйрету қажет. Мұндай жаттығулар өткізе отырып, тәрбиеші зат сапасын анықтайтын бейнелі сөздерді іріктейді. Мәселен, ол балаларға алманы қолына ұстауды, оны қолмен сипауды, оның салмағын, тығыздығын (алма ауыр, үлкен, домалақ) сезінуді ұсынады. [3]

Пластилинографиямен жұмыс тілдерін, ұсақ қол маторикасын, жадыны, қиялдарының жетілуіне бірден бір көмек. Пластилинографиямен ойын терапия тәсілі – балалардың денсаулығына қуаныш пен рахаттану атмосферасын тудырып, оларға жақсы жағынан әсер етеді. Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Тәрбиеші балалар жайлы ойынға олармен бірге қосыла ойнағанда ғана дұрыс мағұлмат ала алады.

Еліміздің болашағын ойлай, педагог құрбыларыма мектепке дейінгі мекемелерде күн көріс көзі деп жұмыс істемей, ұрпақ болашағы үшін жауапты екендігімізді әрдайым жадымызда ұстайық дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Анищенкова Е.С. Пальчиковая гимнастика для развития речи дошкольников. - АСТ: Астрель, 2006
2. Комарова Т.С. Занятия по изобразительной деятельности в детском саду.-М: Просвещение, 1991
3. Ткаченко Т.Б. Лепим из пластилина. Издательство-Феникс, 2003



Әкімхан Динара Хасенқызы

Нұр-Сұлтан қаласы

МКҚК №52 «Еркетай» балабақшасы

тәрбиеші

КҮЗ ЖОМАРТ

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: Күз жомарт

Тобы: Мектепалды даярлық тобы

ҰОҚ мақаты: Табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем құрастырып, әңгімелеуге үйрету. Адамдар үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы түсінік беру.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, жұмбақ жасыру, ойындар.

Ресурстар, дамытушы орта: Демонстрациялық, дидактикалық материалдар, интербелсенді тақта.

ҰОҚ. Барысы:

Шаттық шеңбер:

Күнге қарап қолымды,
Бір,екі,үш деп соғамын
Қарап тұрған көршіме,
Мен қолымды бұлғаймын.
Жылы-жылы жүзбенен,
Маңдайынан сипаймын.
Жылы-жылы жүзбенен,
Жүрегімді сыйлаймын.
Ыстық алақанымен,
Қолыңды бер қысайын.
Амандасып өзіңмен,
Құшақтасып алайын.

Педагог жетекшілігімен ойын тәсілі: Балалар, мына үстел үстінде тұрған не зат екен, менің білгім келіп тұр. Бірақ не зат екенін білу үшін мына жұмбақты шешуіміз керек.

«Миға шабуыл» Шарты: Педагог жұмбақ

жасырады, балалар жұмбақтың шешуін тауып атайды

Жапырақты бояды,

Атырапты бояды.

Бояп - бояп барлығын

Сап - сары ғып қояды. (Күз)

Көктен түседі,

Жер ішеді. (Жаңбыр)

Аспандағы алып доп,

Жарқырайды жарық боп. (Күн) (Күз мезгіліне тоқталып өтеміз). Балалар, сендер жұмбақты дұрыс шештіңдер, енді не зат екенің көрейік. (Себеттің ішінде түрлі -түсті жапырақтар).Бұл жапырақтар жәй жапырақ емес сыйқырлы жапырақтар екен. Әр жапырақтың тапсырмалары бар.

1-тапсырма: Дидактикалық ойын:

«Бұл не және қандай?»

Балалар көкөністер мен жемістерді таңдап, пішінін, түр-түсін, дәмін, пайдасын сипаттайды.

Себетке салады.

2-тапсырма: Тіл ұстарту жаттығулары:

Іс – іс – іс,

Піседі жеміс.

Дай-дай-дай
жинаймыз бидай.

Үз – үз – үз,

Жаңбырлы Күз.

Рақ – рақ – рақ,

Саулайды жапырақ.

Ел – ел – ел,

Соғады жел.

Сергіту сәті:

Жаңбыр жауды тық-тық,

Сен көшеге шық-шық.

Боран соқты гу-гу,

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

Жапырақ ұшты ду-ду.

3. *Тапсырма.* Педагог жетекшілігімен ойын: «Мнемо кесте» әдісі

Шарты: Балалар мнемокесте бойынша тақпақты айтып береді.



4-*тапсырма:* Педагог жетекшілігімен ойын: «Ұйқасын тап» өлең шұмақтарын оқимын балалар ұйқасын тауып жалғастырады. (Сыни ойлау).

Жеймін деп көп қауынды
Менің ішім...

Арба сықырлап жүреді

Ит арсылдап...

Азда болса жауын

Бітік пісті....

Өзінше ноян

Қорқақ....

5-*тапсырма:*

Дидактикалық ойын: «Көленкесін тап!»

Балалар жемістер мен көкөністердің көленкесін табып сызық арқылы қосады.

Кері байланыс: «Бес саусақ» тәсілі (Саралау әдісі диалог/сұрақтар қою стратегиясы)




Ұйымдастырылған оқу қызметі тақырыбына байланысты, тақырыпты бекіту мақсатында сұрақтар қойылады.

Күтілетін нәтиже:

біледі: Күз мезгілінің ерекшеліктерін айта біледі. Жемістер мен көкөністер айырмашылығын ажырата біледі.

игереді: Дидактикалық ойындар ойнап, жұмбақты шешеді.

меңгереді: «Мнемокесте» әдісі.



Бектемирова Салтанат Балгереевна
 Западно-Казахстанская область, г.Уральск
 ГККП «Ясли-сад №17 «Родничок»
 Педагог

ФОРМИРОВАНИЕ ЗВУКОВОЙ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ У ДЕТЕЙ СТАРШЕЙ ГРУППЫ

Аннотация. Данная статья посвящена актуальной проблеме – работе над звуковой культурой речи. В статье рассматриваются основные направления работы над звуковой культурой детей.

Ключевые слова: звуковая культура речи, артикуляционный аппарат, потешки, скороговорки, темп, дикция.

Звуковая культура речи - составная часть общей речевой культуры. Дети дошкольного возраста овладевают ею в процессе общения с окружающими их людьми. Большое влияние на формирование высокой культуры речи у детей оказывают родители, воспитатели, педагоги.

Редко, но встречаются дефекты произношения нескольких групп звуков (например, шипящих и свистящих). Однако имеются случаи, когда дети неправильно произносят отдельные звуки: р, л, ш, ж. Это обусловлено недостаточной подвижностью мышц артикуляционного аппарата, особенностью его строения (неправильное строение зубов, широкий, малоподвижный язык, короткая подъязычная уздечка и др.) В этих случаях, не надеясь, что неправильное произношение устранилось само по себе, следует обратиться к специалисту-логопеду.

Но и в том случае, если в речи ребенка нет нарушений произношения звуков и слов, звуковой культуре речи по-прежнему надо уделять большое внимание. Именно теперь большое значение приобретает работа над темпом речи, дикцией и интонационной выразительностью.

Для воспитания у ребенка звуковой культуры речи надо проводить специальные упражнения, особое внимание уделяя произношению звуков, которые ребенок не выговаривает. К пяти годам ребенок может

правильно произносить все звуки.

Богатейший материал дают нам произведения малых жанров фольклора: потешки, скороговорки, пословицы, поговорки.

С детьми старшего дошкольного возраста рекомендованы упражнения по звуковому анализу слов. Например, выразительно произнести скороговорку (например «На дворе трава, на траве дрова»), ребенок ее повторяет. Например, на занятии, во время знакомства со звуком ш, использую игрушки, картинки или муляжи фруктов, овощей и животных. Предметы подбираю так, чтобы в названии одного предмета был звук ш, а в названии другого - не было. Также подбираю картинки, в названии которых имеется звук ш.

Читаю стихотворение, выделяя в словах голосом звук ш (произношу его протяжнее, громче):

Мышонку шепчет мышь:

«Ты все шуршишь, шуршишь!»

Мышонок шепчет мыши:

«Шуршать я буду тише».

-Какой звук чаще всего повторяется?

-Звук ш.

- Для того чтобы хорошо произнести звук ш, кончик языка надо поднять кверху, а губы слегка вытянуть вперед.

- А теперь подними руку тыльной стороной ко рту и произнеси звук ш. Если ты пра-

БІЗДІҢ БАЛАБАҚША: БІЗ ҰСЫНАМЫЗ

вильно произнесешь, то почувствуешь теплый воздух. А теперь скажи, как шипит змея.

- Змея шипит: ш-ш-ш.

- А теперь послушай, как шумят листья на деревьях, когда дует ветер. (Произносят протяжно звук ш)

Предлагаю сыграть в игру «Поймай слово»: хлопаете, если услышите звук ш в слове: абрикос-черешня, яблоко-груша, коза-лошадь. [4] [стр.274-277].

Затем предлагаю повторить следующие чистоговорки, потешки, скороговорки:

На окошке кошка.

Ловко ловит мышку.

Тише, мыши!

Кот на крыше.

Петушок, петушок

Золотой гребешок.

Масляна головушка,

Шелкова бородушка!

Что ты рано встаешь,

Голосисто поешь,

Маше спать не даешь! [3] [стр.43-53].

Дидактические игры по звуковой культуре речи:

Дидактическая игра «Кто наблюдательный?»

Артикуляция: предложить детям произнести звук [щ] и посмотреть в зеркало. Что делают губы, зубы, язык, когда произносим звук [щ]? Как проходит воздух, когда произносим звук [щ]? Есть ли голосок в горлышке? Какой звук [щ] (согласный или гласный)? Звук [щ] согласный потому, что воздух не проходит свободно, встречает преграду зубы и язык. Почему звук [щ] согласный? Звук [щ] звонкий или глухой? Звук [щ] глухой потому, что в горлышке нет голоска. [5] [стр.42-43].

«Третий лишний»

Цель: Развивать умения услышать в слове определённый звук.

Ход игры: Из трех картинок дети должны выбрать ту, в названии которой есть звук [ш]: Шапка, сарафан, перчатки; куртка, шарф, платье; рубашка, футболка, сапоги. [6] [стр.15-17].

«Измени слово»

Цель: Упражнять в образовании существительных уменьшительно – ласкательного значения. Отрабатывать дикцию.

Ход игры:

Дети должны так изменить слова, чтобы в них появился звук [ж]:

друг – дружок,

снег – снежок,

книга-книжка,

флаг – флажок.

Работа над звуковой культурой речи ребенка не ограничивается только работой над звукопроизношением. Важны ведь и такие элементы звуковой культуры, как дикция, темп, интонационная выразительность речи.

Для развития интонационной выразительности речи надо проводить с ребенком игры с пением и стихами. Например, русская народная игра «Гуси-гуси», где дети упражняются в диалогической речи.

Хорошая речь – важнейшее условие всестороннего полноценного развития детей. Чем богаче и правильнее у ребёнка речь, тем легче ему высказывать свои мысли, тем шире его возможности в познании окружающей действительности, тем активнее осуществляется его психическое развитие. Поэтому так важно заботиться о своевременном формировании речи детей, о её чистоте и правильности. [4] [стр.278-281].

Использованная литература:

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения (далее - Стандарт) (приказ МОН РК от 5 мая 2020 года №182)
2. Методические рекомендации «Устное народное творчество как основа духовно-нравственного воспитания детей дошкольного возраста», Астана-2017
3. Русские народные загадки, пословицы, поговорки. Составитель Ю.Г. Круглов-М.; Просвещение, 1990
4. Мир детства. Дошкольник/Под редакцией А.П. Хрипковой; - М.: Педагогика, 1979
5. Г. С. Швайко. Игры и игровые упражнения для развития речи – М.: Просвещение, 1983
6. С.С. Касимова. Логопедический альбом «Ж, Ш, Ч, Щ»: учебное пособие. Кокшетау ТОО «Келешек-2030» 2016



Базарбаева Роза Жолаушиевна

Нұр-Сұлтан қаласы

МКҚК №3 «Күншуақ» балабақшасы
меңгеруші

ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ БАЛАБАҚШАДА

(цифрлық білім беру ресурсын қолдану мысалында)

«Сауат ашу негіздері» білім беру ресурсының мысалында балабақшада оқытудың цифрлық технологияларын қолдану мәселесі қарастырылған.

Автор бұл мәселенің өзектілігін ашып көрсетеді, мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудегі цифрлық ресурстардың жағымды жақтарын талдайды. Сондай-ақ оларды тәжірибеде тиімді қолдану шарттары. «Сауат ашу негіздері» цифрлық білім беру ресурсының мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері көрсетілген, әзірлеменің жаңалығы цифрлық формат әр түрлі әдістер мен әдістерді қолдана отырып, оқу материалын құруға мүмкіндік береді. Бұл формат оқытын материалды көрсету кезінде де, интерактивті режимде тәрбиешінің үлгісі бойынша тапсырмаларды орындау процесінде де баланың барлық анализаторларына (есту, көру және сенсорлық) әсер етеді.

«Сауат ашу негіздері» DES -тің өзектілігі қазіргі уақытта Қазақстанда және бүкіл әлемде пандемияға байланысты қашықтықтан оқытуға және әлемдік ақпараттық -білім беру кеңістігіне еруге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуында. Білім беру процесін оңтайландыруда цифрлық білім беру ресурстары маңызды рөл атқарады.

Бұл процесс оқу технологиясының мазмұнына түзетулер енгізумен байланысты оқу үрдісінің педагогикалық теориясы мен практикасындағы елеулі өзгерістермен бірге жүреді. Олар заманауи техникалық мүмкіндіктерге бейімделіп, баланың ақпараттық

қоғамға үйлесімді енуіне ықпал етуі керек.

Білім беру мақсатындағы цифрлық бағылымдар қағаз басылымдардың барлық артықшылықтарына ие бола отырып, бірқатар оң айырмашылықтар мен артықшылықтарға ие. Атап айтқанда: ноутбук жадында немесе флэш -дискіде жинақы сақтау, ұтқырлық, қайталану мүмкіндігі, өзгерістер мен толықтыруларды жылдам енгізу мүмкіндігі, электрондық пошта немесе Whatsapp, Telegram мессенджерлері арқылы жіберудің ыңғайлылығы және т.б.

«Сауат ашу негіздері» DES мақсаты: 5-6 жастағы балаларды қазақ және орыс тілдеріндегі сауат ашу негіздерімен таныстыруда дайындық тобы мен мектепке дейінгі сынып мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету.

Ресурстың міндеттері:

- балаларды қазақ және орыс алфавитінің әріптерімен және сауат ашу негіздерімен таныстыру;

- сөздік қоры мен дәйекті сөйлеуге, фонематикалық есту, визуалды және моторлық есте сақтауды дамытуға ықпал ету;

- өзіне деген сенімділікті, қарым-қатынас дағдыларын және оқуға танымдық қызығушылығын дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің типтік білім беру бағдарламасына сәйкес (ҚР БҒМ 24 қыркүйек 2020 ж. N412 бұйрығы), бұл жобаны қолдану аясында балалардың бойында келесі білім, білік және дағды қалыптасады:

- «әріп», «дыбыс», «буын», «сөз» термин-

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

дері туралы түсініктер;

- дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;

- сөздегі дыбыс пен әріптің орнын анықтау;

- дыбыстар мен сөздердің дұрыс айтылуын;

- қатты және жұмсақ дауыссыздарды ажырату;

- басылған хаттың графикалық бейнесін есте сақтау және оны жазу;

- қолдың ұсақ моторикасы дамиды [1].

«Сауат ашу негіздері» цифрлық басылымын қолдану мұғалімдердің қосымша дайындығын қажет етпейді. Мұғалімге кәдімгі кәсіби талаптар қойылады: мамандық бойынша білім, балалармен жұмыс тәжірибесі, дербес компьютермен жұмыс істеудің бастапқы деңгейі.

Жобаның жаңалығы мынада: цифрлық форматты қолдану әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, оқу материалын құруға мүмкіндік береді, бір мезгілде барлық қабылдау анализаторларына әсер етеді; тәрбиешінің үлгісіне негізделген тапсырмалар арқылы есту, көру, сенсорлық және зерттелетін материалды көрсету үшін де, орындау үшін де.

Егер кез келген материал босаңсыған жағдайда әсер етсе, жақсы есте сақталатыны белгілі, ал ойын процесін оқу үрдісінде қолдану есте сақтауды бейсаналық түрде санаға түсіретін жағдай туғызады.

Осылайша, «Сауаташунегіздері» цифрлық білім беру ресурсы - бұл сауаттылық негіздері бойынша дидактикалық, әдістемелік және ақпараттық анықтамалық материалдарды қамтитын, оларды жаңа білім алу үшін де, тереңдету мен бекіту үшін де кешенді түрде пайдалануға мүмкіндік беретін оқу жүйесі.

Материалды оқу дидактикалық принциптер мен оқу заңдылықтарына сәйкес құрылады. Материалды ұсыну әр түрлі әдістер мен әдістерді қолдана отырып, практикалық мұғалімдердің қазіргі жетістіктеріне сүйене отырып, осы жастағы балалардың білімі мен дағдыларына негізделген, қарапайымнан күрделіге, дәйекті және жүйелі түрде өтеді. Айта кету керек, ұсынылған цифрлық материалдарды сауат ашу негіздерін, қазақ және орыс тілдерін, көркем әдебиетті, сөйлеу-

ді дамыту мен кіріктірілген оқу барысында қолдануға болады.

Сандық және қағаздың дидактикалық материалдарының сауатты үйлесімі оқу қызметін көңілді және тиімді түрде құруға көмектеседі және материалдар мен міндеттердің түрлерін өзгертуге көмектеседі. Оқу материалдарын қағаз және сандық ақпарат құралдарында жан-жақты пайдалану сауаттылық негіздерін ғана емес, сонымен қатар қиялды, логиканы, ақыл-ойды, есте сақтауды, концентрацияны, шоғырлануды, көкжиектерді кеңейтуге және оқушылардың қызығушылығын дамытуға көмектеседі.

Ауызша мадақтау мен дыбыстық эффекттерді қолдану балалардың сауаттылық негіздерін үйренуге деген қызығушылығын сақтауға және жылжымалы элементтерді қолдану визуалды кернеуді жеңілдетуге көмектеседі.

Бейне кескінімен бірге қол жетімді ауызша сипаттама, әріптің графикалық бейнесін ғана емес, сонымен бірге оның элементтерін де есте сақтауға көмектеседі.

Қысқа мерзім ішінде ұсынылған ақпарат саны жаңа материалды үйренуге немесе өткенді біріктіруге ғана емес, сонымен бірге баланы одан әрі іс-қимыл жасауға бағыттайды және сонымен бірге бағыттайды. Бұған ноутбуктегі нүктелі сызықтар бойынша басылған хаттар жазу, сызықтар, лақтыру элементтерін сызу, балапандар жасау, оқыған дыбыс пен әріптер табылған суреттер және т.б.

Мұғалімнің сөзі зерттелген материалды көрсетумен бірге жүргендер балаларға дыбыстар мен сөздердің дұрыс айтылуын білуге көмектеседі, фонемиялық жадты жасауға көмектеседі.

Қысқа бейнелер (5-7 минут) педагогтарға білім беру іс-шараларын өз бетінше құруға, осы топтың балаларының білімі, дағдылары мен қабілеттерін ескере отырып, материалды ұсыну тізбегін ойластырады.

Ойын әңгімелері, көркем сөз, дидактикалық ойындар, дизайнерлік элементтерді өзгерту ұсынылған материалдан алаңдаушылықты болдырмауға және балаларда оқуға деген қызығушылықты қолдауға көмектеседі. Оқу материалдары

зерттеліп жатқан тақырып туралы жоғары мамандандырылған білімдерін ғана емес, сонымен қатар басқа пәндермен материалдың кешенді өзара байланысы бар. Көркем сөзге қызығушылық қалыптастыруға назар аударылады. Логикалық ойлауды дамытуға көмектесетін тапсырмаларды қолдана отырып, лексиканы кеңейту арқылы сөз әзірленеді: сөздерді жалпылау, топтау және алып тастау, шоғырлану, қарым-қатынас, корреспонденциялар, аналогтар және т.б.

Оқу процесінде балалар пассивті бақылаушылар болып қала бермейді. Олар ноутбуктерде сөйлейтін, әр түрлі тапсырмаларды тыңдайды, көреді, сөйлейді және орындайды. Олар оқу процесіне тікелей қатысушылар. Материалдың болуы, одан әрі тереңдетілген зерттеу, мадақтау және сәттілікке ынталандыру мүмкіндігі жетістікке жету мүмкіндігіне ие, бұл олардың қабілеттеріне сенімді.

«Сауаттылық негіздері» цифрлық білім беру ресурсын қолдану практикада келесідей күтілетін нәтиже алуға мүмкіндік береді: бала үшін ыңғайлы дамып келе жатқан орта құрылады. Бала қазақ және орыс алфавиттерінің графикалық белгілерін біледі, дыбыстарды дұрыс айтады, дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды ажыратады, сөздердің дыбыстарының орнын анықтайды, берілген дыбыс үшін сөздерді таңдаңыз. Бала фонемиялық тыңдаулар мен жадты дамытады..

«Сауаттылық негіздері» цифрлық білім беру ресурсын қолдану практикада келесідей күтілетін нәтиже алуға мүмкіндік береді: бала үшін ыңғайлы дамып келе жатқан орта құрылады. Бала қазақ және орыс алфавиттерінің графикалық белгілерін біледі, дыбыстарды дұрыс айтады, дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды ажыратады, сөздердің дыбыстарының орнын

анықтайды, берілген дыбыс үшін сөздерді таңдайды. Бала фонемиялық тыңдаулар мен жадты дамытады.

5-6 жастағы бала оқу процесінде білген сөздерді белсенді қолданады. Ересек адамның басшылығымен, сөйлемдер салып, сұрақтарға жауап беріңіз, толық сөйлемдермен жауап беріңіз, құрдастарына көмектесіп, ересектерден көмек сұраңыз. Қарындаш пен қаламды дұрыс ұстау, баспа әріптері мен элементтері, олардың элементтері, түрлі-түсті суреттер, қызығушылығы және оқу процесіне оң көзқарас қалыптастырыңыз.

Сандық оқыту технологияларын практикада қолдану, соның ішінде «Сауаттылық негіздері», балалардың интеллектуалды белсенділігін арттыруға, балаларды өз бетінше қабылдауға үйрету, үлгілер бойынша іс-әрекеттер жасау және шығармашылық шешімдер қабылдауға көмектеседі. Мұның бәрі ұйымдасқан білім беру қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Тіпті ең пассивті балалар да білім беру іс-шараларына үлкен тілекпен қатысады, зерттелетін материалдарды тез жаттап, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту және шешіліп жатқан мәселелерге шығармашылық көзқарас бар. Білім беру технологияларының кең ауқымын толықтыру, сандық басылымдар балаларды сәтті әлеуметтендірудің және мектепке дайындаудың шарты ретінде қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мәселесін шешуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, сандық білім беру ресурстары және оларды оқу үрдісінде оларды пайдалану «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуына ықпал етілуі керек [4]. Жас кезден бастап, балалар, ересектер басшылығымен, компьютер немесе басқа да электронды орта тек ойыншық емес, сонымен қатар жаңа білім алу құралы екенін біліңіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 типтік оқу бағдарламасы.
2. *Sudury Ariptter Men Sezere Aleminde.* / М.Сәтімбекова және т.б. құрастырған - Шымкент: Шұғыла кітап, 2017 ж.
4. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.



Махамбетова Сымбат Сериккызы

Қарағанды қаласы,
КМҚК «Ақниет» бөбекжайы
Педагог-психолог



Мереимбаева Дана Хабырасульевна

Қарағанды қаласы,
КМҚК «Ақниет» бөбекжайы
Әдіскер

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТА КИНУСАЙГА ТЕХНИКАСЫН ҚОЛДАНУ

Шығармашылықтың түрлі түрлерін үйлестіріп қолдану мектеп жасына дейінгі баланың толыққанды тұлға болып дамуын қамтамасыз етеді. Шығармашылық педагогтер қауымының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі - тұлғаның жан-жақты дамуының негізі болатын эмоционалдық және танымдық сферасын дамытуға көмектеседі.

Көркемдік-эстетикалық әрекет бала табиғатына жақын, себебі бала ол арқылы өзін шығармашылық тұлға ретінде бар мүмкіндігін ашып, өз қызметінің өнімін (сурет, бұйым) сезіне алады.

Біз өз жұмысымызда мектепалды даярлық тобы балаларының көркем-эстетикалық талғамын дамытуда аппликация, мозайка, құрақ құрау қолөнері тоғыстырылған кинусайга техникасын қолданамыз. Кинусайга қалдық маталардан жасалған - керемет.


Балалармен жұмыста неліктен аталмыш техниканы таңдағанымызға азырақ тоқтала өтсек.

Біріншіден, білім беру үрдісінде кинусайга техникасын балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту құралы ретінде қолдануға болады. Кинусайга әдісі саусақтарды жатттықтыруда өте тиімді, саусақтың ұсақ қимылдарының дәлдігін, үйлесімділігін қамтамасыз етеді. [1]

Екіншіден, кинусайгамен жұмыс балалардың дамуына үлкен үйретушілік және дамытушылық серпіліс береді.

Үшіншіден, кинусайгамен жұмыста қолданылатын материалдардың қолжетімділігі. Қалдық маталар, пенопаласт, стектар қашанда қол астынан табылатын заттар.

Кинусайгамен жұмыс кезінде балалардың сенсорлық әсерлері кеңейіп, образдық және кеңістіктік ойлауы, көру-қозғалы



координациясы, қиялы, шығармашылық қабілеттері жетіледі. Бұл үрдістердің бәрі балалардың тілін дамытып жетілдіреді. Ал мектепалды даярлық тобының балаларының қолын жазуға дайындайды.


Біз өз жұмысымызды балаларды кинусайға техникасының шығу тарихымен таныстырудан бастадық.

Жапония елі әлемге оригами, икебана сынды ғажайып туындыларды сыйлады. Күншығыс елінің тұрғындары барлық бағыт бойынша сұлулықты бағалай біледі. Сонымен қатар олар өздерін қоршаған әлемге де қамқорлықпен қарайды. Ескі заттардан шеберлікпен жаңа заттар жасай алады. Олар өздері киген кимоно қалдықтарын тастамай, керемет картинаға айналдырады. Кинусайға – ескі кимоно қалдықтарынан құралған ерекше аппликация. [2] Жапондықтардың әртүрлі құрақтарды керемет жапсыра білгендіктерінен, туындылары нағыз картина, тіпті фотография сынды көрінеді. Кинусайға бір сәтте көптеген қолөнер техникасын еске салады: құрақ құрау, батик, мозайка, аппликация.

Кинусайға – инесіз орныдалған пэчворк, пэчворк дегеніміз мата ұсақтарынан құралған тұтас бұйым. [3]

Кинусайға техникасымен танысқан соң, дайын жұмыстарды қарастырдық, матаның сапасы мен қасиетін аңықтадық. Себебі

кинусайға техникасымен жұмыста шеттері сөгітілмейтін ерекше маталар қажет.



Содан кейін балалар боямақтарынан қарапайым суреттерді (көкөністер, жемістер, жидектер) таңдап алдық.

Кинусайғаға негіз болар пенопласт пен маталар шаблонын өзіміз таңдап, балалар үлгілердің шеттерін түптеп отырды. Жұмысты жеке және 2-3 баладан тұратын шағын топпен жүргіздік.

Кинусайға техникасымен жұмыс балалардың дамуына жағымды әсер етті: балалардың зейіндері ашылып, атқаратын істеріне көңіл тоқтата бастады. Саусақ және білезік қимылдары нақтыланды. Жұмыс уақытында сенсорлық әсерлері, образдық және кеңістіктік ойлауы, қиялы мен шығармашылық қабілеттері дамыды. Кинусайға балалардың сөйлеу тілін байытып, сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырды.

Осылайша, кинусайға техникасын қолдану мектеп жасынына дейінгі балаларды көркемдік-эстетикалық дамытуға тиімді әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Зайцева А.А. Лоскутное шитьё без нитки и иголки. - М.: Эксмо, 2010.- 64 с.
2. Таран Р.Ф Лоскутная фантазия. Художественная аппликация. – М.: АСТ; Донецк: Сталкер, 2007. – 31 с.
3. Интернет-ресурс: Что такое: Кинусайга.



Кулманова Рабига Нурлаевна

Атырау қаласы

«Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қоры»
қоғамдық қорының филиалы «Мирас»
бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН МУЛЬТФИЛЬМДЕРДІ ЖАСАУ

Андатпа. Мемлекеттік білім беру стандартын енгізу контекстінде балабақшада әрбір баланың әлеуетін ашуға және шығармашылық іске асыруға ықпал ететін, сондай-ақ ата-аналардың талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар жасау мәселесі туындайды. Мектеп жасына дейінгі балалармен мультфильмдер жасау жұмыстары осы талапқа толық жауап береді.

Түйін сөздер: мультфильм, әлеуметтік дағды, тәрбие.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіне жаңа әдістерді енгізудің маңызды факторы ретінде инновациялық әдіс-тәсілдер айрықша рөлге ие болуда.

Инновациялық әдіс-тәсілдер қолдану - балалардың қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылығын арттыруға, өздігінен оқып үйренуге, өзіне мақсат пен міндеттерді қоя білуге және оларды шешу жолында дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Соның ішінде балалардың медиа сауаттылығын, әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында біз бөбекжай-бақшамызда «Кішкентай мультипликаторлар» жобасын ұйымдастырдық.

Балалармен мультфильм жасау – бұл балалардың әртүрлі іс-әрекеттердің түрлерін біріктіретін көп қырлы шығармашылық процесс: сөйлеу, ойын, танымдық, бейнелік және т.б. біріктіретін жобалық қызметтің заманауи инновациялық түрі. [1, 8 – бет]

Мультипликациялық кино – суреттердің, қуыршақтардың қозғалысы фазаларын жеке кадрларға түсіріп, ретімен көрсетуден тұратын кино өнерінің бір түрі. Мультипликациялық

кино ісінің белгілі үш тәсілі бар. Олар-суреттер (қолдан салынған), қуыршақтар (әртүрлі материалдардан жасалған), жалпақ жұқа қуыршақтар (жазық пішінге салып қию) пайдаланылады.

Мультипликация-телевидениенің ажырамас бір бөлшегі. Ол тек бүлдіршіндердің ғана емес, олардың ата-аналарының да өміріндегі маңызды дүние. Сондықтан өз жұмысымды балалардың өз қолдарымен жасалған дүниелерінен балалармен біріге отырып, мультфильм түсіріп, оларды өз қызметімде пайдалануды жөн көрдім. (1,11бет)

Мультфильм жасау үшін алдын ала жұмыстар жүргізіледі. Алдымен балалармен «Менің сүйікті мультфильмім» әңгімесі өткізіледі, оның мақсаты – балаларды осы жобаның проблемалық мәселелеріне бағыттау. Әңгімелесу барысында балалар өздерінің сүйікті мультфильмдері, ондағы кейіпкерлері туралы біледі. Мультфильмнің не екенін, оның қалай жасалатынын, қандай түрлері болатынын, ондағы кейіпкерлердің өмірге қалай келетінін, оларды қалай жандаруға болатынын туралы

мағлұмат алады. Және де балалар таныс емес «аниматор», «суретші-аниматор», «режиссер» т.б мамандықтармен танысып алып, мультфильмге тақырып таңдайды. Тақырып таңдау барысында балалар өздеріне таныс шығармалардың ішінен біреуі таңдалып, шығармаға байланысты сұрақтар қойылып, пысықталады. [2, 15 бет]

Әрмен қарай балаларға мультфильмнің түрлерін (салынған сурет, ермексаздан бейнелерді мүсіндеу немесе қуыршақтардан құралған) таңдау ұсынылады, балалардың қандай мультфильм түрін түсіргілері келетіні таңдалады. Балалардың таңдауы бойынша мультфильмнің кезкелген түрін түсіру үшін сценарий құрып, кейіпкерлерді дайындап, декорация жасау керек. Алдымен кейіпкерлердің диалогы мен олардың көңіл-күйлеріне назар аудара отырып, сценарий құрылады. Мультфильм жасау үшін не қажет екені туралы әңгімелесіп, әр баланы атқаратын қызметіне қарай топтарға бөлу қажет. Мысалы, мультфильм ермексаздан мүсінделген қуыршақтардан жасалатын болса, бір топ қуыршақтарды мүсіндейді, бір топ декорацияға керекті фонды жасауға бөлінеді.

Барлығы дайын болған соң, бір бала оператор болып тағайындалып, сценарий бойынша кейіпкерлердің әр ісін жеке кадрларға түсіріп тұрады. Кейіпкердің әр қимыл-қозғалысы неғұрлым анық болуы үшін оны әрекетіне сәйкес қозғап, кейіпкердің әр қимыл-қозғалысына кадрлар жасалады.

Сценарий бойынша әр қимыл-қозғалысқа қарай декорация өзгертіліп тұрады. Кадрлар түсіріліп, дайын болған кезде, кейіпкерлердің рөлді сөздері аудиожазбаға нақтыланып жазылады. Әрмен қарай барлық материал өңделіп, бейне өңдегішіне түсірілімді жүктеп, оны ретімен біріктіреді. Одан соң аудиожазбадан дыбыстарды қосады. Кадрлар арасында ауысуларды қосып, қажетті жылдамдыққа қоюға болады. Өңделген мультфильмді қалаған форматта сақтап, балалармен бірге тамашалауға болады.


Бұл жобаның балаларға берер әсері мол. Жоба балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай олардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізеді. Ермексазбен жұмыс жасауда баланың ұсақ моторикасы дамиды, мидың екі жарты шары бір уақытта жұмыс істеуге үйренеді, қиялдау ойлауы дамиды, шығармашылық қабілетін ашады, зейінділігін арттырады, эмоционалды жағдайды қалыпқа келтіреді, бұл әсіресе гиперактивті балалар үшін маңызды, баланың ойнап отырып, байланыстырып сөйлеу дағдылары жақсарады және де болашақта жазу мен сурет салуды тез үйренуге көмектеседі. Балалардың ақпараттық мәдениеті мен ойлау логикасы дамиды. Және де құрдастарымен және ересектермен шағын жобалық топтарда бірін-бірі тыңдап, бір-бірімен келісіп, бірлесе жұмыс істеуге үйретеді. [2, 10 бет]

Қолданылған әдебиет:

1. А.Босельман., М.Финк «Гениальная цифра». Знакомство с новыми медиа в детском саду. /А.Босельман., М.Финк // Учебно-практическое пособие для педагогов дошкольного образования- М: «Национальное образование», 2020.

2. А.Босельман. Медиапедагогика в детском саду и начальной школе. /А.Босельман./ Учебно-практическое пособие для педагогов дошкольного и начального образования- М: «Национальное образование», 2021.

3. Создание мультфильмов в ДОУ [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://doshkolnik.ru/zaniatia-s-detmi/12320-sozdanie-multfilmov-v-dou.html>



Нурмагамбетова Гульназ Заркейевна



Кажохметова Айман Негметжановна

методисты отдела дошкольного воспитания и обучения учебно-методического кабинета управления образования Акмолинской области

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ДЕТСКОМ САДУ ПУТЕМ ВНЕДРЕНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ТЕХНОЛОГИИ ПРОЕКТИРОВАНИЯ

Аннотация. Метод проектов позволяет сместить акцент с процесса пассивного накопления детьми суммы знаний на овладение ими различными способами деятельности в условиях доступности информационных ресурсов. Этому способствует личноно – ориентированный подход в воспитании и образовании. Основываясь на личноно-ориентированном подходе к воспитанию и образованию, метод проектов развивает познавательный интерес к различным областям знаний, формирует навыки сотрудничества.

Ключевые слова: личнононое развитие, познавательная инициатива, исследовательские и творческие проекты, игровая деятельность, толерантность дошкольников, нравственная и правовая культура, социально-адаптированной личности.

Сегодня в системе дошкольного воспитания и обучения происходят серьезные изменения, меняется отношение к дошкольному образованию как к ключевому уровню развития детей.

Дошкольное детство – это главный и самый ответственный этап, когда закладываются основы личнононого развития: физического, интеллектуального, эмоционального, коммуникативного. Это период, когда ребенок начинает осознавать себя и свое место в этом мире, когда он учится общаться, взаимодействовать с другими детьми и со взрослыми.

Тема поддержки детской познаватель-

ной инициативы в условиях дошкольной организации и семьи будет всегда актуальной.

На сегодняшний день возросли требования к детям, поступающим в первый класс, следовательно, новая модель выпускника детского сада предполагает изменение характера и содержания педагогического взаимодействия с ребенком: если раньше на первый план выходила задача воспитания стандартного члена коллектива с определенным набором знаний, умений и навыков. То сейчас, стоит необходимость формирования компетентной, социально-адаптированной личности, способной

ориентироваться в информационном пространстве, отстаивать свою точку зрения, продуктивно и конструктивно взаимодействовать со сверстниками и взрослыми. То есть акцент идет на развитие качеств и социальную адаптацию.

Современному дошкольнику необходимо уметь самому добывать знания; у него должны быть развиты исследовательские, рефлексивные навыки. Педагогу нужно сформировать умения, непосредственно сопряженные с опытом их применений в практической деятельности. [1]

Проектная деятельность способствует развитию мышления, воображения и речи детей только тогда, когда педагог стремится удержать проблемную ситуацию. Именно этим проектная деятельность отличается от продуктивных видов деятельности, в которых проблемная ситуация снимается максимально быстро. [1]

Проектная деятельность обладает целым рядом характеристик, которые оказывают положительное влияние на развитие ребенка-дошкольника.

Прежде всего, в ходе проектной деятельности расширяются знания детей об окружающем мире. В первую очередь это связано с выполнением исследовательских и творческих проектов.

Кроме того, развиваются общие способности детей – познавательные, коммуникативные и регуляторные. Выполнение проекта предполагает формирование оригинального замысла, умение фиксировать его с помощью доступной системы средств, определять этапы его реализации, следовать задуманному плану и т. д. Уже в дошкольном возрасте ребенок приобретает навык публичного изложения своих мыслей. [1]

Проектная деятельность влияет и на содержание игровой деятельности детей – она становится более разнообразной, сложно структурированной, а сами дошкольники становятся интересны друг другу.

Использование метода проектов в работе с дошкольниками способствует повышению самооценки ребенка. Участвуя в проекте,

ребенок ощущает себя значимым в группе сверстников, видит свой вклад в общее дело, радуется своим успехам. Метод проекта способствует развитию благоприятных межличностных отношений в группе детей. [2]

Проектный метод может проходить через все виды детской деятельности в дошкольной организации.

Побуждает педагогов повышать свой профессионально-творческий уровень, что, несомненно, сказывается на качестве образовательного процесса. Подталкивает к активному взаимодействию всех специалистов дошкольной организации, родителей воспитанников и организации социума. Формирует у дошкольников умение планировать и самостоятельность в решении поставленной проблемы, способствует развитию познавательной и творческой активности. [3]

В рамках социально-коммуникативной области основной целью которого является позитивная социализация детей дошкольного возраста, приобщение их к социокультурным нормам, традициям семьи, общества и государства, это когда ребенок учится устанавливать и поддерживать необходимые контакты с окружающим миром и людьми, освоения детьми образовательной области «Познание», «Физическое развитие» - формирование основ здорового образа жизни в едином здоровом сберегающем пространстве семьи и детского сада, а также с целью развития познавательно-исследовательской деятельности детей дошкольного возраста с 01.09.2019 по 01.09.2022 годы в дошкольных организациях реализуются долгосрочные инновационные проекты. Темы проектов определялись по образующим факторам учитывались реальные события, происходящие в окружающем мире и вызывающие интерес детей (яркие природные явления и общественные события, праздники): «Ұлы өнер тапқышқа-алғашқы қадам», «Мамандықтың мың сыры бар», «Ғажайып роботтар әлемі», «Қазағымның қазақилығы», «Менің өлкем, қандай көркем!», «Ұлылардың

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

үні», «Мұражай-бүгінгі ұрпаққа өнеге», «Тұған өлкеңді сүй және біл», «Алтын дән», «Рухани жанғыру», «Салауатты балабақшалар», «Зерделі-Зеренді», «Тұған өлкеңнің табиғатын қорға», «Ертегімен бірге әлем аш», «Мен – өз елімнің патриотымын!», «Ғасырлы тарихи бар тұлғалар», «Дружба народов-крепкая страна», «Семь граней Великой степи».

В каждой дошкольной организации области для организации и реализации инновационных проектов созданы творческие группы, определены цели и задачи.

Планирование работы с детьми представляет реализацию программных задач через познавательную, продуктивную, музыкальную, театрализованную, игровую, проектную деятельность, используя разнообразные формы работы в ходе которых закладываются основы толерантности у дошкольников: образовательная деятельность, беседы, наблюдения, игра, психогимнастика, этюды и упражнения, изобразительная деятельность, использование художественного слова, использование наглядных пособий, слушание музыки, детских песен, национальной музыки разных народов, проведение праздников театрализованная деятельность дошкольников, игры-упражнения, слово-творчество сочинение сказок и историй самими детьми), экскурсии (посещение детской библиотеки, музея).

Все эти формы работы с детьми позволяют активизировать интерес дошкольника вначале к самому себе, потом к своему окружению, семье, обществу, способствует воспитанию толерантности, уважения прав людей других национальностей и рас, а также обеспечивает базу развития их нравственной и правовой культуры при дальнейшем обучении в школе.

Как показала практика, метод проектов очень актуален и эффективен. Сочетание различных видов детской деятельности во взаимодействии взрослых и детей в одном целом – проекте, закрепляет навыки воспитанников, помогает им открывать и познавать окружающую действительность гораздо быстрее и глубже. Опираясь на полученные в ходе проекта знания детей, их наблюдения, впечатления; ориентируясь на личный опыт ребенка, мы стараемся создать атмосферу сотворчества. Ведь только заинтересовав каждого ребенка конкретным творческим делом, поддерживая детскую любознательность и инициативу, можно решить любую проблему. Эффективность такого подхода заключается еще и в том, что он дает возможность дошкольнику самому исследовать и экспериментировать, поддерживать его любознательность и интерес к проблеме, а также применять полученные знания в той или иной деятельности.

Литература:

1. Веракса Н. Е., Веракса А. Н. 2011 г. Проектная деятельность дошкольников. Пособие для педагогов дошкольных учреждений Библиотека «Программы воспитания и обучения в детском саду» под общей редакцией М. А. Васильевой, В. В. Гербовой, Т. С. Комаровой, - Мозаика Синтез.

2. Киселева Л.С. 2006 г. Проектный метод в деятельности дошкольного учреждения: Пособие для руководителей и практических работников ДОУ. / Л.С.Киселева, Т.А.Данилина, Т.С.Лагода, М.Б. Зуйкова. – М.: АРКТИ, - 96 с.

3. Морозова Л.Д. 2010 г. Педагогическое проектирование в ДОУ; от теории к практике. Приложение к журналу «Управление ДОУ» Сфера.



Халикова Гульнар Сембаевна

Павлодарская область

город Экибастуз,

КГКП "Ясли-сад № 26"

Руководитель

ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ ВНЕДРЕНИЯ STEM-ТЕХНОЛОГИИ В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ

В настоящее время одной из наиболее актуальных проблем современного дошкольного образования становится повышение его качества. Педагог обязан непрерывно совершенствовать свое профессиональное мастерство, исследовательский, интеллектуальный и творческий уровень. (ЗРК «О статусе педагога»). [1]

Современные дети живут в эпоху активной информатизации, компьютеризации и роботостроения. Инновационная деятельность в дошкольных организациях направлена на развитие у воспитанников жизненных навыков, компетенций, самостоятельности и творческих способностей. Следуя веяниям времени, педагоги ясли сада № 26 г. Экибастуза разработали поэтапный план внедрения STEM-технологии в воспитательно-образовательном процессе. Обучение программированию реализуется через дополнительную услугу.

Внедрение в дошкольные организации IT знаний и навыков конструктивного мышления осуществляется через Лего-конструирование и обучение робототехнике. Педагоги ясли сада прошли обучение по освоению данной технологии и продолжают работу по самообразованию.

Согласно данной технологии дети получают первоначальные навыки создания и программирования роботов, проводят опытно-экспериментальную работу. С помощью простых игр и заданий дети

на практике знакомятся с основными математическими понятиями: размер, форма, количество и другие технические компетенции.

Особый интерес детей вызывает «Робомышь» - программируемый робот, который готов следовать командам.

Задачи программы:

- формирование навыков начального программирования;
- понимание последовательности действий, умение переносить усвоенные действия в новые ситуации;
- развитие интеллектуальных способностей.

Освоение программы осуществляется в интеграции с образовательными областями: «Коммуникация», «Познание», «Здоровье», «Социум», «Творчество». Активно взаимодействуя со сверстниками и взрослыми, воспитанник овладевает способностью договариваться, учитывать интересы и чувства других, сопереживать неудачам и радоваться успехам других действия ребенка.





Дети учатся программированию, задавая роботу план действий и разрабатывая для него задания. Игровые компоненты, включенные в образовательный процесс, активизируют познавательную деятельность детей. [2,3,4]

Занимаясь разработкой заданий на поле и назначением путей передвижения, дети научились видеть сходства и различия, замечать изменения, выявлять причины и характер этих изменений, на этой основе формулировать выводы. Во время игр ребята сотрудничают и активно ищут ответы на поставленные задачи. Ребята с интересом программируют и самостоятельно составляют маршруты для «Робомыши». Появилась возможность наполнить жизнь детского сада интересными для детей мероприятиями по робототехнике. Проведены турниры внутри групп и между группами, а также с других детскими садами, который запомнился воспитанникам как интересный праздник.

Робототехника успешно решает проблему социальной адаптации детей старшего дошкольного возраста. Проводимые соревнования по робототехнике – это яркие воспитательные мероприятия, объединяющие детей и взрослых.

Педагогический коллектив строит свою работу по воспитанию детей в тесном контакте с семьей. С целью привлечения родителей, в воспитательно-образовательный процесс педагоги, используют различные формы

сотрудничества: «День открытых дверей», открытые просмотры ОУД и режимных процессов, конкурсы, семинары, консультации, информационные газеты, беседы и др. Педагоги вместе с детьми участвовали в конкурсах детского творчества различного уровня: городском, областном, международном.

Консультационную и практическую помощь оказывают методист, воспитатели, специалисты. Соревновательная дошкольная робототехника является инструментом, с помощью которого можно заложить прочные основы системного мышления, закрепить познавательные универсальные действия.

Реализация STEM-технологий позволит:

- повысить профессиональную компетенцию всех участников образовательного процесса;
- создавать условия, для освоения воспитанниками первоначальных знаний по LEGO - конструированию и робототехнике, умению использовать их на практике;
- приобщить родителей к совместным мероприятиям по техническому творчеству;
- расширить круг социального партнерства;
- формировать положительный имидж ДО в конкурентной среде. [5,6,7,8]

Реализация STEM-технологии позволит вовлечь ребенка в научно-техническое творчество, выработать инженерный стиль мышления и научит его работать в команде.

Список основной и ресурсной литературы:

1. Закон Республики Казахстан «О статусе педагога»
2. Модель развития дошкольного воспитания и обучения (ППРК от 15 марта 2021 года №137)
3. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения
4. Типовые учебные программы дошкольного воспитания и обучения
5. Бедфорд А. Большая книга LEGO - Манн, Иванов и Фербер, 2014 г.
6. Комарова Л. Г. Строим из Лего (моделирование логических отношений объектов реального мира средствами конструктора LEGO)-2006 г.
7. Фешина Е.В. Лего - конструирование в детском саду -М.,2012 г.
8. Филиппов С.А. Робототехника для детей и родителей – СПб.,2013 г.



Алжанова Лазат Алиакбаровна
Нұр-Сұлтан қаласы
МКҚК №52 «Еркетай» балабақшасы
Әдіскер

«АСЫҚ» - АСЫЛ МҰРАМЫЗ

Асық ойыны – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Оны көшпелі этномәдени өмір тудырған төлтума өнер деп танымыз. Ойынның басты объектісі де, құралы да – асық. Аталмыш ойын әсіресе балалар арасында кең тараған. Оларды ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулайтын тәрбиенің көзі.

Асық – төрт түлік мал мен қоңыр аңның санының орта тұсында орналасқан асық жіліктен алынады. Оның түрлері көп. Атап айтқанда: **Сақа** – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жасы жеткен еркек қойдан (серкеден) немесе қошқар-текеден алынады. **Кеней** – көпшілік ойнауға арналған қарапайым асықтар **Шүкейт** – жас малдың асығы. **Қойлық** – қойдың асығы. **Ешкімек** – ешкінің асығы **Көктабан** – қорғасын құйылған салмақты сақа асық. **Топай** – сиырдың асығы. **Жабай** – ірі асықты айтады, **Қолқар** – арқардың асығы.

Асық ойнау – балалардың дүниетанымын кеңейтетін ойын. Әркім өз асығын қателеспей тауып алу үшін түрлі түске бояған. Балалардың есепке жүйріктігі бала кезден қалыптаса бастайды. Асық – кәдімгі санағыштың рөлін қоса атқарады. Асықтарды қаз-қатар тізу кезінде олардың санын алу, кейін ұтысты есептеп, ұпай бөліскенде жапырлап асық санау кез келген баланың математикаға бейімін арттырады». Сондай-ақ асық ойыны көз мергендігіне, қол буындарының икемді болуына баулиды. Асықты бар ынта жігерімен ойнаған балалар жан-жақты дамиды. Асықпен ойнаған балан

бала еңкейеді, тұрады, үздіксіз қозғалыста болады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшылдығы мен тіл байлығын дамытады. [1]

Асықты ойыннан бөлек балаларды жан-жақты дамыту мақсатында оқу қызметінде педагогтер пайдаланады. Балалардың саусақ буындарына өте пайдалы, ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтармен жұмыс жасау арқылы саусақтары иілгіш болып жаттығады. Мұның бәрі баланың қиялы мен ойын ұшқырлығын, зейінін жан-жақты дамытады. Асық терапиясы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік – логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық ойлауға, сабырға, ұжыммен әрекет етуге тәрбиелейді.

Асықтың түрлері мен атаулары:

- **Алшы** – асықтың иірілгенде табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған аса мән беріледі. Ол – бірінші дәрежелі асық.

- **Тәйке** – асықтың иірілгенде табаны үстіне қарап, тұрық түсуі. Ол – екінші дәрежелі асық.

- **Бүге** (Бүк) - асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

- **Шіре** (Шік) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

Балабақшамызда шығармашылық ізденістер арқылы тәрбиешілер педагог мамандармен бірге асықтармен бірнеше дидактикалық ойын түрлерін дәстүрден тыс қолданылады. Асықты жинауға ата-

аналарымыз көптеген көмектері тиді. Тәрбиешілер педагог мамандарымыз

барлық оқу қызметтерінде пайдаланып жүзеге асырып отыр.

«Асық - Әріптермен сандар»



Мақсаты: Әріптермен сандарды таныстыру, математикалық сауаттылыққа үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру. Шашылған дыбыстардан сөз құрастырып, баланың сөздік қорын молайту, шапшаң ойлауға тәрбиелеу.

Мысалы: а,л,к,л,й,ү,н дыбыстарынан мынандай сөздер құрауға болады: Ай, күн, үй, т.б. Ал сандардан есеп құрау жауаптарын іздеу.

«Асық - Түсіне қарай жина»

Мақсаты: Балаларға асықпен жасау үшін, берілген түстен: қызыл, көк түсті табуға үйрету. Балалардың қол моторикасын дамыту сөйлеуді дамытады.



«Көңілді смайлик»



Мақсаты: Заттардың көлеміне, пішініне, түсіне қарай топтап ажыратып білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту, өздігімен жұмыс істеуге машықтандыру. Балаларды ұқыптылыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.

«Асықты модуль»

Мақсаты: Ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. Қол қимылын жаттықтыру. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыру, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



«Мәреге жет»

Мақсаты: Баланың ақыл - ойын дамытып, баланың қызығушылығын туғызу баланың белсенділігін арттыру, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. Математикаға қызығушылықтарын арттыру. Ойынның ережесін сақтауға үйрету.

«Кім жылдам?»

Мақсатты: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын бекіту. Балалардың назарын дамыту, байқағыштықтарын арттыру. 1ден-10-ға дейін санауды бекіту.



«Дойбы»

Мақсаты: Зейін, ес, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесін сақтауға үйрету. Балаларды ұқыптылыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.

«Асықты шот»

Мақсаты: Көп - біреу ұғымдарын меңгеруге үйрету, санау қабілеттерін жетілдіру. Математикаға қызығушылықтарын арттыру. Сонымен қатар уй жануарлары туралы да, біліп үйренеді. Қорыта айтқанда, «Рухани жаңғыру» бағдарламасында отан сүйгіштіктің негізі ретінде туған жерге, ата дәстүрге, ұлттық құндылықтарға ерекше мән беру қажеттігі айтылады. Сондықтан да біз қазақ ұлттық ойындарын жаңғыртып, асық-терапияны насихаттап жүрміз. Бұл балаларды ұйымшылдыққа, достыққа баулиды, ол өте қарапайым әрі қолжетімді» [2,3]



Балабақшамызда «Асық -асыл мұрамыз» тақырыбында бағдарлама әдістемелік құралын дайындап, асық терапиясын вариативті бөлімінде оқу жоспарының қолдануға мүмкіндік алуға жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңдағы ноутбук, смартфон, айфон, телефондардың зиянынан балаңызды алыстатқыңыз келсе, оны асықпен таныстырыңыз, ойнауды үйретіңіз. Бұл ойынның балаңызға ұнайтыны анық. Денсаулыққа тигізер пайдасы зор. Асық ойыны баланы ең бірінші шапшаңдыққа,

ептілікке баулиды. Үнемі қозғалыста болғандықтан денесі шынығады, тағы атап өткім келеді, көздің алыстан көру қабілеті артады, ағзасы тынығады, мергендікке үйренеді, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысы жақсарады. Бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулыққа көп пайдасын тигізеді. Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық – үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен.

Қолданылған әдебиет:

1. Сейітбек Кенжахметұлы «Асық ойыны-асыл ойын»(Ұлан газеті).
2. Е.Сағындықов. «қазақтың ұлттық ойындары» алматы «Рауан» 1991 жыл
3. Дөңбаев Ә.Б. Қазақтың ұлттық жарыстары мен ойындары дене тәрбиесі мен спортты танымал етудің құралы ретінде // Дене тәрбиесі және еліміздің бәсекелестік мүмкіндігі: халық.ғылыми практ.конф.матер. (14-16 қазан 2010 ж.). – Алматы, 2010. – 204-206 бб.



Калыкова Сара Кошкуловна
Нұр-Сұлтан қаласы
№52 «Еркетай» балабақшасы
Педагог- психолог

АСЫҚ ТЕРАПИЯСЫ

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды дамыту, білім беру, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Дүние жүзінде және елімізде қолданыста болып, балабақшадағы педагогикалық процеске ұлттық ойындарды кірістіру үрдіске айналып келеді. Салт – дәстүр ұлттың ғұмыр бойы жиған мәдениеті, ұлттың ұлт екенін әлем халықтары мойындаудағы төрт белгінің бірі. Біз асылы бар, жасығы бар, салтқа бай халықпыз. [1]

Асық – ойыны сол бай салтымыздың бір дәстүрі. Кезінде қазақ шаруашылықпен жаппай шұғылданған тұсында асық – әр үйдің, әр ауыл балаларының, жастарының да бас қосуының негізі.

Ертеде қазақ халқы асықты бала кезінде қолына алып, жас кезінен бастап ойнай бастайды. Тіпті сәби дүниеге келмей жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтындар да болған. Асық тұла бойы құдіретке тұнған күш іспетті. Сол себептен де бақсы-балгерлер асық арқылы болашаққа болжам жасаған. Ол әу баста ежелгі түріктердің арасында кеңінен тараған. Сондай-ақ асықты «Астралаг» деп ежелгі Грецияда, «Талус» деп ежелгі Римде салт-дәстүріне нақышталған ойын ретінде санап әрі насихаттаған. Алайда, асықты қазақтың ұлттық ойыны деп санағанмен, мұны Орта Азия халықтары, оның ішінде өзбек, қырғыз, тәжік т.б. ұлттар да әлі күнге дейін ойнап келеді. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. [2]

Асық ойыны ептілікке, мергендікке,

шапшандыққа, сергектікке баулиды. Асық ойыны – өзінің түрлеріне қарай баланың күш-жігерін арттырып, мергендігін, шапшаңдығын, ептілігі мен қырағылығын жетілдіреді. Бір мезгілде бірнеше бала ойнайтын асық ойынының түрлері жас баланың намысын жанып, «қатарымнан озсам» деген талпынысты бойға қасиет қылып сіңіреді.

Асықтың атып ойнайтын түрлері үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бұғу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады.

Қазағымның кең пейіліндей сары арқа даласында көсіле жазықта ойнағанға не жетсін. Үлкен мен кіші бір-біріне қамқор болып ойнасаң да, құрдас пен құрдас бір-біріңе бәсекелесіп ойнасаң да, үлкен мен кіші бір-біріңді сынай ойнасаң да әбден болады. Жүгіресің, секіресің, көздейсің, тигізесің, ерегесесің, жеңесің, жеңілесің, ұтасың, ұтыласың, асыққа бай боласың. Таза бәсеке, таза тәрбие. Өтірігі, арамдығы, жалғандығы жоқ. Болмайды да. Міне, асық ойынының кереметі деп осыны айт. [3]

Асық ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Халқымыз асықты қастерлеген. Асықты бар ынта жігерімен ойнаған балалар жан-жақты дамыған. Асықпен ойнаған баланың зейіні тұрақталады, логикалық ойлау қабілеті дамиды, бала еңкейеді, тұрады, үздіксіз

қозғалыста болады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшылдығы мен тіл байлығын дамытады. Асықты ойыннан бөлек балаларды жан-жақты дамыту мақсатында оқу қызметінде пайдаланылды. Балалардың саусақ буындарына өте пайдалы, ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтармен жұмыс жасау арқылы саусақтары иілгіш болып жаттығады. Мұның бәрі баланың қиялы мен ойын ұшқырлығын, зейінін жан-жақты дамытады.

Асық терапиясы балалардың қиымал-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық ойлауға, сабырға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді. Сондықтан мазмұнды ойындар, жаттығулар құрастырып, оқыту барысында қолданамыз.

Асық неліктен терапияға жатады? Сөздіктерде терапия – медицина ғылымында аурулардың себептері, даму барысы, оларды анықтау, емдеу және олардың алдын алып, сақтану әдістерін зерттейтін сала. Арттерапия - бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді.

Арттерапия-термині (art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Педагогика ғылымындағы теориялар мен тәжірибелерді негізге ала отырып, бүлдіршіндерді тәрбиелеуде асық терапиясының баланың денсаулығына тигізетін пайдасын көрсету мақсаты көзделді.

Асық терапиясының мақсаты: асық терапиясында балалардың терапиясында балалардың қиымал-қозғалыстарын реттеу, кеңістікті бағдарлай білу, көрнекі іс-әрекеттік, көрнекі – бейнелік және сөздік – логикалық ойлауды сатылай қалыптастырып, шығармашылық тұрғыда және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, шыдамдылық, сабырлық, бірлескен әрекетті қолдана білуге тәрбиелейді. Сондықтан да біз, ересектер, асық ойындарының жаңа мазмұнды ойындарын, жаттығуларын құрастырып, оларды оқыту және дамыту, ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдана аламыз.

Асықты пайдалана отырып санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу сияқты әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын көрсете аламыз. Балаларды ұлттық ойындарды ойнау барысында шапшаңдылыққа, ептілікке, бір-бірін сыйлауға, өз ойын еркін жеткізе алуға баулимыз. Асық ату ойыны арқылы көз жітілігін, мергендікті дамытып, ұстамдылық пен шыдамдылыққа тәрбиелейміз. Асықтан құрастырылған инновациялық тақтайшалар мен массажды қолғаптар арқылы бала денсаулығын шындаймыз.

Асық терапиясы Ф.Фребель, М.Монтессори технологияларын негізге ала отырылып жасалынды, ол балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, көп функционалдылығымен, көп нұсқалылығымен ерекшеленеді. Балабақшада іс-тәжірибесінде асықты қолдануымызбен ерекшеленеміз. [4,5]



Кіші топтарда «Асықты жіпке тізу» (асық арқылы балалардың сенсорлық моторикасын дамытатын жаттығулар.) Балалар боялып, тесілген асықтарды жіпке бір түстен соң екінші түске тізбектеп тізеді. Бұл тізбекті тізу арқылы бала түстермен танысып, бір – бірінен ажырата алады. Қолмен жұмыс жасау барысында баланың ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтарымен жұмыс жасауда баланың саусақтары иілгіш болып, жұмыс жасауға жаттығады.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

«Асықпен із салу» балалар түрлі – түсті бояуларды асықты қолдану арқылы пайдаланады. Бұл жерде балалар санына байланысты төрт – төрттен бірнеше топқа бөлінеді, әр топқа тиесілі түс пен шеңбер сызылған парақшалар беріледі. Балалар парақшада берілген шеңбердің ішіне асықты бояуға малу арқылы парақша бетіне нүктелер түсірулері тиіс. Бұл әрекет осылайша бірнеше рет қайталанады. Нәтижесінде парақ бетінде әр балада әртүрлі бейне пайда болады. Балалар үшін бұл жасырын пайда болған бейне, қызықты әрі сиқырлы сәт болады.

Мұндай әдісті қолдану балалардың саусақ моторикасын дамытумен қатар, баланы берілген тапсырманы таза әрі ұқыпты орындауға баулиды. Қағазда қанша тор, сонша асық Бұл әдіс асық және фетр қағазын қолдану арқылы жасалынады. Фетр қағазы торкөз дәптер беттері сияқты шаршыларға теңдей бөлінген. Балалар фетр қағазында қанша дөңгелек, шаршы немесе үшбұрыш тізілсе сонша асықты тізе білуі тиіс. Тапсырмаға мұқият мән бере отырып, ойланып орындайды. Тапсырма бойынша фетр қағазындағы әр шаршының ішіне асықты дұрыс орналастыра білуі шарт.



Орта топ «Асықпен құмда сурет салу». Балалар құмның үстіне асықпен түрлі мазмұнды суреттер сала отырып, нені бейнелегендерін айтып береді. Ойнай отырып құмға асықпен сурет салу бала үшін қызықты, әрі пайдалы. Баланың ұсақ моторикасымен қатар бейнелеуге деген қызығушылығы артады, қиялы дамиды және өзінің ойымен салынған бейнені өз сөзімен түсіндіру барысында сөздік қоры молаяды, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады.



Ересек топ «Мозаика» балалар жеке – жеке отырғызылады. Оларға асықтан жасалған белгілі бір бейнеленген пішін беріледі. Пішінді балалар дәл сондай қалыпта боялған асықтармен құрастырып шығулары тиіс. Бұл тапсырма балалардан ұқыптылық пен мұқияттылықты талап етеді. Тапсырманы орындау барысында балалар пішіннің көлемімен қатар, оның ішінде берілген түстерден жаңылмауы тиіс. Ересек топтары үшін тапсырма қызықты әрі өте пайдалы. Баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеттері артады және бір – бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдылыққа тәрбиеленеді.

Тақтайшаны әсемдеу балаларды үш-үштен топқа бөліп отырғызып, мозайка тақтайшасына әр түрлі түске боялған пішіндер, ал қасына түрлі түсті бояулардағы асықтар беріледі. Балалар осы берілген пішіндерге боялған асықтардың ішінен пішінді ашатындай түс таңдап, көлеміне сәйкес тізіп шығуы тиіс. Тапсырманы орындау барысында баланың эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілеті дамиды. Ересек топтағы балалар үшін бұл оңай тапсырма болмағанымен, балалар бұл тапсырманы қызыға орындайды. Балалар түрлі жаттығуларды жасау барысында шыдамдылыққа, төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиеленеді.

Асықты тақтайшамен жүру. Денсаулық білім беру саласында да асық терапиясын пайдалануға болады. Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінде тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еттері қатаяды, жұмысқа қабілеттілігі артады. Қимыл-қозғалыс

координациясы артып, қол мен аяқтың бірлескен қимылы дамиды. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілеті дамып, психикалық процестердің дамуына әсерін тигізеді. Жалпақ табанның алды алынып, ең бастысы балалардың дұрыс жүру дене бітімі артады. Асық терапиясын таным білім беру саласы бойынша математика оқу іс-әрекетінде кеңістікті бағдарлау мақсатында

қолдануға болады. [6-376]

Қортыныды: Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық – үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен. Ойнай білген адамға асықтың пайдасы орасан зор. Асық ойыны адамды мергендікке, ептілікке баулиды. Бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулыққа көп пайдасын тигізеді.

Қолданылған әдебиет:

1. Оразбекова К.А. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында» Алматы «Дәуір» 2000-554 бет
2. Атабаев.А.С. «Ұлттық ойындар – халық мұрасы»/Ұлт тағылымы-алматы, 2006жыл
3. Несіпбаев.Б.К. Ұлт мәдениеті мен өнері /Білім – Алматы-2003 жыл
4. Быданова О.С.,Петрова.В.И. « Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы» /Алматы мектеп 1986 жыл
5. Қоянбаев Р.М. Педагогика. 2004 жыл
6. Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары»



Қасанғалиева Айгүл Қинешқызы
Атырау облысы, Исатай ауданы,
Тұщықұдық селосы,
Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі
шағын орталық тәрбиеші

КҮЗ - ЖОМАРТ

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл-күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс-әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру.

Көрнекілігі: Күзгі бақтың көрінісі, сары ала жапырақтар, құстардың бейнесі, жемістер мен көкөністер, ойынға қажетті дидактикалық материалдар.

Жүргізуші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн. Күз мезгілінде тойланатын «Күз-жомарт» атты мерекелік ертеңгілігімізге хош келдіңіздер.

Қуандырып біздерді,
Мерекелі күз келді.
Ал, балалар тұрмайық,
Өлең айтып, би билеп,
Мерекені бастайық
Жомарт көңіл, жарқын күз,
Сары алтынға малынған.
Жетті, міне алтын күз,
Сары алтыннан бұрын да.

Сары пүліш көйлегі,
Алтын күзді шынында
Ару дейсің бейнелі.
Келістіріп бар сәнін
Берген сөзі табиғат.
Алтын күзді, ал қане,

Қарсы алайық жамағат. Балалар, біздің мерекелік кешімізге қонаққа «Күз ханшайымы» келе жатыр екен, «Күз ханшайымын» қошеметпен қарсы алайық.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіздер ме, сүйкімді балалар. Бүгінгі мерекелеріңе

менде құттықтап келіп қалдым, дендеріңіз сау болып, қоржындарың жеміс- жидекке толы болсын. Балалар мен сендердің тақпақтарыңды, ән мен билеріңді сағынып келдім. Мен сендерге жомарттығымды білдірейін деп, жемістерімді ала келдім. Өнерлерің болса көрсетіңдер.

Егін – терін жиналым,
Қамбаларға толады.
Әр көңілге нұр дарып,
Әр үйде той болады.
Жылы жаққа бағыт ап,
Құстар көкте ұшады
Сары жапырақ қалықтап,
Жердің төсін құшады.
Айтыңдаршы балақай,
Бұл қай кезде болады?

Балалар: Күз мезгілінде

Жүргізуші: Ал, осы күз мезгілінің қандай кезеңдері бар?

Балалар: Үш кезең: Ерте күз, Алтын күз, Қоңыр күз.

Жүргізуші: Ерте күздің ерекшелігі, жапырақтар жаңадан сарғая бастайды, күн салқындайды. Алтын күзде жапырақтар сары күйге еніп, жеміс – жидек, көкөністер піседі. Ал, қоңыр күзде ағаштар жапырағынан айырылып, шөптер құрайды. Қыстың алғашқы кезеңдері біліне бастайды. «Күз ханшайымы» жұмбақтар алып келіпті.

Ал, қадірмен, халайық,
Құлағың сап тыңдағың.
Қане, ойланып табайық,
Күздің берген жұмбағын.
Қане, жұмбақты шешіп көрейік:



1. Өзі шалғы, өзі орақ,
Өзі қырман, өзі арба.
Өзі күрек, өзі қап. **(Комбайн)**

2. Жер астында басы бар,
Жер бетінде шашы бар **(сәбіз)**

3. Қалың киім ұнатады,
Шешіндірсең жылатады **(Пияз)**

Ағайынды бәрі
Шықса – жасыл,
Түссе сары. Бұл не? **(жапырақ)**

Хор: «Күзгі вальс»
Жетті желмен алтын күз
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып-теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз.
Мол өнімді жинаймыз,
Елдің бәрін сыйлаймыз.

Би: «Жапырақтар».

Ойын: «Дәміне қарай ажырат»

Ойынның шарты: Ортаға бір баланы шақырып, көзін орамалмен байлап, әр жеміс жидектерден бір – бірден жегізу керек. Дәмінен қандай жеміс, көкөніс екенін айыру керек. Бүгінгі кешіміздің басты қонағы «Күз ханшайымына» өзіміздің күз туралы білетін тақпақтарымызды айтып берейік.

Фариза:

Апорт деген алма бар
Жер жаратын атағы,
Ондай алма қайда бар.
Алматы оның Отаны

Нүрәділ:

Мен жүзіммін, жүзіммін
Моншақ болып тізілдім

Мүсілім:

Мен өрікпін, өрікпін
Табиғатқа көрікпін

■ ПРАЗДНИКИ КРУГЛЫЙ ГОД

Ришат:

Мен алмұртпын, алмұртпын,
Аузындамын бар жұрттың.

Айбар:

Көктеп ерте шырмалып,
Өсемін мен бүр жарып.
Атым – қияр, теріп ал,
Жиі - жиі суғарып.

Дильназ:

Пісетін кезде дәл күзде,
Мезгілсіз оны сен үзбе.
Аузыңнан кетпес бал дәмі,
Оның аты шабдалы.

Нүрәли Е:

Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды,
Қоянға да азықпыз –
Сәбіздеріміз жазықсыз.

Нүрәли Б:

Бақшаларда тізіліп,
Қаперсіз мен жатамын.
Қабат - қабат киініп,
Қырыққабат атандым

Жүргізуші: ОЙЫН: «Жаңғақтар мен жемістерді себетке жинап ал!»

Ортада шеңбер ішінде жаңғақтар мен алмалар аралас жатады. Қарама қарсы балалар екі командаға 5 баладан бөлініп тұрады. Қолдарында себеттер. 1,2,3 дегенде бір-бірден барып өз заттарын жинайды. Музыка тоқтағанда ойын аяқталады. Кім көп жинаса сол команда жеңеді.

Жүргізуші: Балалар, келесі кезекте күздің ғажайып сыйларынан дәмді салаттар жасаймыз. «Жеміс салатын» дайындау.

Көрме: «Күз байлықтары» Күзгі өнімдерден жасақталған көрмені тамашалау.

Жүргізуші:

Берекелі бақ – дәулет,
Арта берсін тойланып.
Сау болайық, әлеумет,

Келгенше жыл айналып. Балалар бүгін барлықтарың белсенді қатыстыңдар, енді барлығымыз - Күз ханшайымына акелген сыйлықтарына алғысымызды білдіріп, шығарып салайық! Хор: Қош бол, жомарт күз!



Бегасилова Улдана Маратқызы

Нұр-Сұлтан қаласы

МКҚК №52 «Еркетай» балабақшасы
тәрбиеші

ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 30-ЖЫЛ МЕРЕКЕЛІК ЕРТЕҢГІЛІГІ

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, әріптестер сіздерді тәуелсіздікке 30 жыл толу мерей тойымен шын жүректен құттықтаймыз, елімізде тыныштық отбастарыңызға береке, молшылық бақыт тілейміз, мерекелік өнерлерімен ересек тобының бүлдіршіндерін қошеметпен қарсы алайық.

Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 30 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танытындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз. «Қазақстан» егеменді ел болып, дүниежүзіне танылды. 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егін теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады.

Жас арудың жанарында - Желтоқсан,
Қанды ғасыр табанында - Желтоқсан.
Қаралы өмір қайыстырған халқымның,
Қара тұман қабағында - Желтоқсан.
Жауыздықты жасқаған да - Желтоқсан,
Жаңа ғұмыр бастаған да - Желтоқсан.

Ертеңгіліктің мақсаты: Балаларға еліміздің тәуелсіздік алғалы жеткен жетістіктерімізбен таныстыру, білімдерін кеңейту; Отанды сүйге, ел байлығын қорғауға, болашақ Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін ұғындыру; бүгінгі тәуелсіздікке қалай қол жеткенін зерделеу, оларды Отаны үшін отқа түсетін ел жанды, ел азаматы етіп тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Халқымыздың егемендігі жолында күрескен қайсар азаматтарымыз туралы слайд. Қазақстан Республикасының туы, елтаңбасы, әнұраны және тағы басқа кітапшалар, макеттер т.б.

Жүргізуші: Рәміздерім - елдігімнің белгісі, Білу керек бала-дағы ең кіші.
Рәміздерім-Әнұран, Көк ту, Елтаңба,
Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

ПРАЗДНИКИ КРУГЛЫЙ ГОД

Хор: Әнұранды олрындалады.



Жүргізуші: Біздің еліміз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар.

Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар. Еліміздің президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жүргізуші: Еліміздің ел ордасы қай қала?

Балалар: Нұр-сұлтан қаласы. Балалар мына сиқырлы қорапшаны қараңдар, ішін ашып қараймыз, не бар екен, жұмбақтар жасырыпты.

Жүргізуші: Ал мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешімін ойланып табыңдар.

Еліміздің тірегі,
Жеріміздің жүрегі
Бас қаланың есімін,
Қане кім біледі? **(Нұр-Сұлтан)**

Қос пырағым қос қанат,
Шаңырағым күн менің
Шолпан жұлдыз маңдайда.
Елтаңбам ғой бұл менің **(Қазақстан мемлекетінің Елтаңбасы)**

Көк аспанның түсі бар
Ортасында күні бар.
Қыран ұшқан қалықтап,
Кімнің туы біліп ал. **(Қазақстан мемлекетінің Туы)**



Туымыздан күн қарап
Күлімдейді әлемге
Күнмен бірге қандай құс.
Қанат қаққан бар елге **(Қыран)**

Жүргізуші: Балалар Тәуелсіздікке арналған әні: «Біз бақытты баламыз» әні

Жүргізуші: Ал енді балалар, мен сендерге сұрақтар қоямын. Ойланып толық жауаптар берейік. Өйткені сендер ақылды зерек білімді балаларсыңдар!

- Қазақстан Тәуелсіздікті қай жылы алды және биыл неше жыл толды?

Балалар: Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздік алды және Егеменді ел болғанымызға 30 жыл толды.

Жүргізуші: «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінеміз?

Ержігіт: Тәуелсіз еліміздің жері теңдігі өзінде және туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар.



Жүргізуші: Өте жақсы балалар жауап бердіңдер, енді, балалар бірге көңіл күйімізді көтерейік биші қыздарымыздың орындауында: «Текемет» биін тамашалайық.

Жүргізуші: балалар айтысқа кезек берейік: Марат Әділхан, Аманжол Меруертпен айтысайық.



Меруерт:

Жыр арнадым еліме тебірене
 Үміт артам елімнің ертеңіне
 Тәуелсіздік алғалы елімнің көп жыл болып
 Отаным жылдан жылға көркеюде
 Бағдар етіп отыз жылды межелеп
 Елбасымыз ел алдында берді серт
 Тобымың жетістігін жырлайтын
 Алдарыңызда отыр Меруерт қыздарыңызда.

Әділхан:

Сөйле тілім алаңдама тартынба
 Шындықты айтып,
 Шынболаттай жарқылда,
 Маратұлы Әділхан мен болам,
 Келіп тұр ұлы өнерің айтысқа,
 Тәуелсіздік араналады саған жыр әнім,
 Қыран болып биікте мен ұшамын
 Әділ қазы аманбысың ба көрермен,
 Ал сөйлеші Меруерттей құрдасым.

Меруерт:

Қарсыласым құрдасым
 Жарқылдаған ұлансың
 Кешегі Алтын күз апталығында
 Нешінші орын алғансың?

Әділхан:

Меруерт қарсыласым амансың ба?
 Сөздерің бүгін сенің маған сын ба?
 Егер мен ұтып кетсем қазір сені,
 Үйіңе ашуланбай қайтасың ба?

Меруерт:

Әр ақынның өзіндік шамасы бар,
 Алып жүрер халқынан бағасы бар
 Халайық, байқайсыз ба?- осы сіздер,
 Әділханның ақын болуға талабы бар.

Әділхан:

Атағы артық жаны аппақ
 Отаным менің Отаным
 Үмітіңді мен ақтап
 Үлесімді қосамын!

Меруерт:

Құтты болсын ағайын
 Тәуелсіздік мерекен,
 Ынтымақ пен бірлік болып,
 Арта берсін берекең!

Әділхан:

Өнерлі бол өренім,
 Деп айтысқа әкелдің,
 Рахмет айтамыз!
 Тәлімгердей апайға.

Меруерт:

Жаршысы боп жақсы істің
 Арамызда жүре бер.
 Осыменен қоштастық
 Риза бол көрермен.



Жүргізуші: Бәрекелді! жас ақын бүлдіршіндерімізге көп рахмет, қошеметтеп қояйық көрермендер алғыс білдірейік. Келесі өнеріміз жалпы би «Тәуелсіздік».

Жүргізуші: Қазақ поэзиясының классигі Мұқағали Мақатаев ел шекарасында тұрып: Мен, міне, Отанымның шетіндемін. Маған жер жоқ, Отан жоқ әрі қарай, Әрі қарай мекен жоқ жаныма жай. Осы жерден шығады күнім менің, Осы жерден атады таңым арай. Осы жерден Отаным басталады,

■ ПРАЗДНИКИ КРУГЛЫЙ ГОД

Бақытымның осында тас қамалы,
– деп Отанына деген махаббатын
өлеңмен жеткізіпті. Осылайша Отанының
шекарасынан асқандарға бақыт жоқ
екенін баяндайды. Отанымыз – Тәуелсіз
Қазақстанның егеменді ел болғанына 30 жыл
толған мерей тойымен тағыда баршаңызды
құттықтаймыз. Еуразия жүрегінде, өркениет-
тердің ұштасқан орталығында талай ұлт

пен ұлыстың құтты мекеніне айналған ұлы
далада азат елдің азаматы атанғаннан
асқан бақыт жоқ. Алла Тағала бізді осы
бақытымыздан айырмасын! Тәуелсіздігіміз
тұғырлы болсын! Бүлдіршендіріміздің
болашақтары ашық жарқын бейбіт өмірде
қанаттарын кеңге жая берсін! Ертеңгілігіміз
аяқталды. Сау саламатта болыңыздар!!!.



«30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ОЙЫН» МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР ФЕСТИВАЛІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «30 жылдыққа 30 ойын» мектеп жасына дейінгі балалардың ойындар фестивалін Республика көлемінде ұйымдастырып өткізді.

Ойындар фестивалінің мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды Тәуелсіздіктің жасампаздығын құрметтеуге, Отансүйгіштікке тәрбиелеу, дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру.

Міндеттері:

- балалардың ойын дағдыларын, танымдық белсенділігін арттыру;
- командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- мақсатқа жетуде белгіленген ережелерді сақтауға үйрету;
- Отанына, еліне, туған өлкесіне деген сүйіспеншіліктерін, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге тәрбиелеу болып табылады.

Ойындар фестивалінде мектеп жасына

дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келесідей ойын түрлері: «Ұлттық ойындар», «Сюжеттік-рөлдік ойындар», «Үстел үсті ойындар», «Театрландырылған ойындар», «Қимылды ойындар» ұйымдастырылды. Ойындар фестивалінде мектепке дейінгі ұйымдардың балалары мен педагогтері белсенділік танытып, мектепке дейінгі ұйымдардан 100-ден аса жұмыстар ұсынылды.

Ережеге сәйкес педагогтермен ұйымдас-тырылған 55 ойын түрі Институттың <http://irrd.kz/> сайты мен әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланды. Фестиваль қорытындысы бойынша үздік деп танылған 30 ойын түрі электронды әдістемелік құралға енгізілді.

Үздік деп танылған ойындарды ұйымдастырушы педагогтер Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған ойындар фестиваліне белсене қатысып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен дамытудағы кәсіби шеберлігі үшін Институттың арнайы Грамоталарымен марапатталды.

«Ұлттық ойындар»





Ұлттық ойын «Қуыр-қуыр қуырмаш»



«Үстел үсті ойындар»



«Сюжеттік-рөлдік ойындар»



«Қимылды ойындар»





«Балаларды ерте дамыту институты» Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «30 жылдыққа 30 ойын» мектеп жасына дейінгі балалардың арасында ұйымдастырылған ойындар

фестиваліне белсенді қатысқан барлық өңірлердегі бүлдіршіндеріміз бен әріптестерімізді шын жүректен құттықтап, еңбекте шығармашылықтар мен мол табыстар тілейміз!!!